Сыр бойы

№126-127
(19609-19610)
25 ТАМЫЗ,
СЕНБІ
2018 ЖЫЛ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | 1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ | WWW.SYRBOYI.KZ

BÚGINGI SANDA

ЕСІЛДЕЙ ЕСІП АҚҚАН ЖЫР 5»

ЖАНАР – ЖАҒАРМАЙ: БҮГІНГІ НАРЫҚ, ШАРУА ҚАМЫ ҚАЛАЙ? 6»

ҚАЙСАР ҚАСИЕТ 8»

PREZIDENT

КЕЛІССӨЗДЕР НӘТИЖЕСІ ЖОҒАРЫ БАҒАЛАНАДЫ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Халықаралық Аралды құтқару қорының құрылтайшы мемлекеттерінің басшылары отырысының қорытындысы бойынша бірлескен баспасөз мәслихатын өткізді.

Қазақстан Президенті журналистер мен ресми делегациялар мүшелерінің алдында сөйлеген сөзінде Түрікменстан Президентіне дәстүрлі қонақжайлық көрсеткені үшін ризашылық білдіріп, саммиттің жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атап өтті.

– Бұл кездесуіміздің әлемнің барша мұсылман қауымы үшін қасиетті Құрбан айт мерекесінен кейін өткізілуінің символдық мәні зор. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, бауырлас халықтарға бақ-береке, бейбіт өмір, амандық тілеймін, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы Арал дағдарысы адамзат тарихындағы ең ірі экологиялық апаттардың бірі болып саналатынын атап өтіп, 50 жыл ішінде теңіздің аумағы 9 есе кеміп, су көлемі 30 есе азайғанын айтты.

– Жыл сайын Арал теңізінің кеуіп қалған ұлтанынан желмен бірге 80 миллион тонна улы тұз көтеріледі. Бұл тұз шаңды дауылмен Батыс Еуропадан Гималайдың шыңдарына дейін мыңдаған шақырымға таралып, адамдардың денсаулығына және елдеріміздің экологиялық жүйесіне зардабын тигізуде, – деді Мемлекет басшысы.

Нұрсұлтан Назарбаев Арал аймағының экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған Халықаралық Аралды қорғау қорының құрылтайшы мемлекеттерінің күш-жігерін қолдау үшін тараптардың осы проблемамен айналысатын дүниежүзілік қоғамдастыққа, Біріккен Ұлттар Ұйымына, барлық Қорлар мен банктерге жүгінгені жөн деп тапқанын атап өтті.

Мемлекет басшысы су шығынын 50-60-%-ке қысқартып, өнімділікті 4-5 есе арттыратын тамшылатып суару сияқты заманауи технологияның және суаруға қолданылатын суды үнемді пайдаланудың, экологиялық жағдайды жақсартуға септігін тигізетін әрі ауыл шаруашылығында малға жем дайындаудың көзі бола алатын, сондай-ақ тұздың көтерілуін болдырмайтын, тұзға төзімді жасыл көшеттер отырғызу мәселесінің маңыздылығын атап өтті.

Жиын соңында Мемлекет басшысы тараптардың су шаруашылығы, өңірдің су-энергетикалық және экологиялық аспектілері жөніндегі ұстанымдарын жақындастыру мәселелерін егжей-тегжейлі талқылағанын әрі Қазақстан өткен келіссөздердің нәтижелерін жоғары бағалайтынын айтты.

KEZDESÝ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖЕТІСТІГІ – «100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ»

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыты бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүниежүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз. 2018-2019 оқу жылының өзінде студенттерді осы оқулықтармен оқыта бастауға тиіспіз» деді. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша 100 жаңа оқулықты аудару ісі бір жыл бұрын басталып, 18 оқулық көпшілікке ұсынылған болатын.

Бейсенбі күні осы бағдарлама бойынша облыс әкімдігінің ұйымдастыруымен «Ұлттық аударма бюросының» атқарушы директоры Рауан Кенжеханұлы қатысқан «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» атты шара өтті.

Жиында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы қоғамдық санаға рухани сілкініс жасаған тың бастама болғанын жеткізді.

3-бет

TAMYZ KEŃESI

ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТІЗІМІНДЕ БІЛІМ БІРІНШІ ОРЫНДА

Кеше Қызылордада «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы адами капитал» тақырыбында дәстүрлі педагогикалық тамыз кеңесі өтті.

Шараға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жауапты хатшысы А.Өрсариев, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының басқарма төрайымы К.Шамшидинова, Білім және ғылым министрлігі жанындағы ақпараттық талдау орталығы президентінің міндетін атқарушы Е.Нұрланов, жергілікті білім беру ұйымдарының қызметкерлері мен облыс мұғалімдері қатысты. Жиынға облыстық білім басқармасының басшысы М.Мелдебекова модераторлық жасады.

Тамыз кеңесінде облыс әкімі Қ.Көшербаев заманауи білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелер мен проблемаларды атап өтті. (баяндаманың толық нұсқасы газетімізде жарияланып отыр)

Одан әрі БҒМ жауапты хатшысы А.Өрсариев сөз алып, алдағы 20 жылдың ішінде автоматтандыру мен роботтандыру еңбек нарығындағы мамандықтардың 40 процеттен астамын өзгертетінін айтты. Сондықтан еліміздің білім беру жүйесінде бірқатар бастамалар жүзеге асуда. Балабақшалардан бастап оқутәрбие бағдарламаларына өзгерістер, білімді бағалаудың бірыңғай жүйесі енгізілді. Келесі жылдан бастап 0 класс тәрбиешілері мен мұғалімдерін дайындау басталады. Қазір базалық оқулықтар әзірленіп жатыр. Орта білім тармағын жаңартылған мазмұнға көшіру жалғасуда. Құжаттарды интернетке қосылмаған мектептерде ғана қағаз түрінде толтыруға рұқсат беріледі. Цифрландыруды дамыту үшін қосымша білім берудің мүмкіндіктерін пайдалану керек. Қазір көптеген қалаларда робототехника, бағдарламалау, 3D принтинг кластары ашылуда.

Жекелеген пәндерді ағылшын тілінде оқыту үшін педагогтар тілдік курстардан өтті. Олардың 5 мыңнан астамы осы оқу жылынан бастап сабақ беруге кіріседі. Министрліктің жауапты хатшысы балалар құқығын қорғау, кәсіптік, жоғары білім берудің сапасын арттырудағы жаңалықтарға тоқталды.

2-бет

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың тамыз кеңесінде сөйлеген сөзі

Қадірлі ұстаздар!
Әріптестер!

Алдымен Сіздерді келе жатқан Білім күні мерекесімен шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіздер!

Жыл сайын жаңа оқу жылы қарсаңында жас ұрпаққа білім мен тәрбие берудің көкейтесті мәселелерін ортаға салып, еркін ой бөлісу игі дәстүрімізге айналғаны белгілі. "Тамыз кеңесі" деп аталған осы алқалы жиында өткенімізге ой жіберіп, келешекке бағдар түзуді әдетке айналдырғанбыз.

Бүгінгі әлемдегі өзгерістердің аса қарқынды жылдамдығын байқамау мүмкін емес. Мұндай жағдайда білім беруді болашақтың даму тенденцияларына бағыттау, жаңа экономика талаптарына лайықтау міндеті – бәрінен басым түсетін, баршаға ортақ аса маңызды миссияға айналмақ. Шындығына келгенде, біз балаларды қазіргі экономика үшін емес, келбеті енді ғана айқындалып келе жатқан мүлде жаңа, қатаң бәсекеге негізделген, креативті (жасампаз) экономикалық ортадағы өмірге әзірлеуіміз керек. Сондықтан, уақыттан да оза жүруге жұмыс істеу қажет!

Яғни, біз ұзақ мерзімді перспективаны көздеп еңбек етуіміз керек!

Жаңғырып жетілудің мүлде жаңа, мазмұндық және сапалық тұрғыдан бұрынғыдан бөлек, әлдеқайда биік сатысына көтерілуге ұмтылған елімізге жасампаз, білікті, өзгерістерден қорықпайтын мамандар қажет. Бұл Елбасының тұжырымы, нақты тапсырмасы, білім саласын ұйымдастырушы Сіз бен Бізге аманат!

Осы ретте, біздің ұдайы назарда ұстайтын ерекше маңызды көрсеткішіміз – түлектеріміздің жұмыспен қамтылуы. Расында, жас мамандар келешек кәсібіне сай, сапалы білім алып, мамандығы бойынша еңбек етсе, құба-құп.

Алайда, нақты өмірде, көп жағдайда олай бола бермейді. Мойындау қажет, бізде бұл мәселеде келеңсіздіктер аз емес. Түлектерді бір мамандық бойынша даярлаймыз, ал олар мүлде басқа саладан орын табады. Олардың қабілеті мен нарықтағы жағдайды ескере отырып, түлектерді дұрыс бағыттау – біздің міндетіміз.

Экономикадағы тенденциялармен, білім берудегі жаңалықтарға ілесе отырып, өзгерістерге лезде бейімделу, шұғыл да шапшаң әрекет ету – қазіргі білім беру жүйесінің ең маңызды қасиетіне айналды. Яғни, өзгерістерді өзімізден, басқару жүйесінен бастауымыз керек!

Сонда ғана біз ел экономикасындағы шұғыл өзгерістерге тез бейімделіп, ілесе алатын, жаңа замандағы өмірге бейім мамандарды дайындай аламыз.

Өзгерістерден тысқары қалып қоймауы үшін, басқару жүйесінің өзі жаңалықтарға бейімделе алуы шарт. Бұл барлық салаға қатысты, десек те, соның ішінде, білім беру саласы бірінші кезекте тұруы тиіс.

Баланың өресінен туатын адам капиталы, оның білімі мен өмір дағдыларын қалыптастыру – біз үшін бүгінгі күннің басты басымдығы, экономикалық даму мен қоғам болып кемелденудің негізгі драйвері!

Өйткені, адами капитал – мұнайдан әлдеқайда қымбат, баға жетпес ресурс, елдің дамуын анықтайтын шешуші фактор.

Қайталап айту артық болмас – ол XXI ғасырдың екінші жартысында елдің және әрбір адамның әл-ауқатының өсуінің, қоғамның дамуының негізгі факторы!

Адами капитал, ең алдымен, білім беру саласы арқылы қалыптасады. Оны қалыптастырудағы білім саласының үлесі кез-келген басқа саладан әлдеқайда жоғары. Сондықтан да, бұл саланы әлеуметтік қамсыздандыру, зейнетақы жүйесі, мемлекеттік басқару, қорғаныс және қауіпсіздік сияқты шығынды көп талап ететін салалармен бір қатарға қоймай, керісінше, мол қосымша құн қалыптастыратын инвестициялық сала ретінде қарау қажет.

2-бет

SALTANAT

ҚҰРЫЛЫСШЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ

А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде құрылысшылардың кәсіби мерекесіне арналған салтанатты жиын өтті. Сала мамандары мен ардагерлерін облыс әкімі Қырымбек Көшербаев құттықтады.

– Құрылыс – адамзат баласы жер бетінде пайда болған ежелгі дәуірден келе жатқан жасампаз кәсіп. Құрылыс индустриясы – экономиканың негізгі іргетасы. Кез келген елдің экономикалық күш-қуаты мен әлеуметтік тұрақтылығы құрылыс саласының дамуына тікелей байланысты, – деді аймақ басшысы. Сондай-ақ, өңірімізде құрылыс индустриясы қарқынды дамып, ел экономикасының, сонымен қатар тұрғындардың әлеуметтік әлеуетінің артуына айрықша ықпал етіп келе жатқанын атап өтті. Құрылыс саласының дамуын Қызылорда қаласында және облысымыздың барлық елді мекендерінде салынған әлеуметтік нысандардан, тұрғын үйлерден, инфрақұрылымдық желілерден байқауға болады. Ауқымды саланы алға жылжытуда құрылысшылар қауымының еңбегі ерен. Миллиардтаған теңге тұратын ірі жобалар құрышқолды құрылысшылардың қарымдылығының арқасында жүзеге асырылуда. Заманауи мектептердің бой түзеуі, дене шынықтыру кешендерінің салынуы, инженерлік инфрақұрылымдардың құрылысы, жылдар бойы армандап келген тақтайдай тегіс жолдардың пайда болуы, бәрі-бәрі құрылысшылардың күн-түн демей атқарған еңбегінің жемісі.

Облыс әкімі құттықтау сөзінде бұл салада атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып өтті. Осы жылы облыста 41 әлеуметтік нысанның құрылысы жүруде. Олардың 20-сын уақытылы қаржыландыру нәтижесінде пайдалануға берілді. Жыл аяғына дейін тағы он нысан пайдалануға берілсе, қалған 11-нің құрылысын келесі жылдың алғашқы жартыжылдығында аяқтау жоспарланған. Соңғы бес жылда 200 нысан салынды. Жалпы ауданы 2 млн шаршы метр тұрғын үй ел игілігіне беріліп, 7 мыңнан астам қызылордалық қоныс тойын тойлады.

2017 жылдан бері Елбасы бастамасымен «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасы іске асырылуда. Бағдарламаның мақсаты бұқара халық үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру. Сонымен бірге 2018 жылдың басында Президенттің бес әлеуметтік бастамасы жарияланып, қазақстандықтардың алдына өршіл мақсаттар мен міндеттер қойды. Облыста «Орда» жол картасы қолға алынды.

Қазіргі таңда Сырдария өзенінің сол жағалауында жеке инвестиция есебінен 18 көпқабатты үйдің, «Болашақ» университетінің кампусының, МЖӘ аясында 320 орындық балабақшаның құрылысы жүріп жатса, бюджет қаражатымен Жастарға қызмет көрсету орталығы және инфрақұрылымдық желілер салынуда. 2019-2020 жылдары бірнеше көпқабатты үйлер мен мектептер, көпсалалы аурухана, неке қию сарайы, балабақша, жатақханасымен бірге физика-математикалық мектеп, сауда және ойын-сауық кешенінің құрылысы жоспарланған. Ал Астана мерейтойына қызылордалық құрылысшылардың жасаған керемет тартуы Елбасы тарапынан айрықша аталып өтті.

Құрылысшы – ауыр да жауапты мамандық. Осы жасампаз әрі абыройлы мамандықты жастар арасында насихаттау жалғаса береді. Салтанатты шарада облыс әкімі үздік мамандар мен ардагерлерді Инвестиция және даму министрлігінің Құрмет грамотасымен, Алғыс хатпен, «Құрметті құрылысшы» төсбелгісімен марапаттады.

Шара барысында қатысушылар назарына Сыр құрылысшыларының ерен еңбегін баяндаған бейнефильм ұсынылды. Өнерпаздар ән-жырмен салтанат сәнін келтірді.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы».

ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТІЗІМІНДЕ БІЛІМ БІРІНШІ ОРЫНДА

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың тамыз кеңесінде сөйлеген сөзі

Мойындауымыз керек, қазіргі таңда біздің елдегі адами капитал саласы көп жағдайда бәсекелестікке жол ашатын артықшылық емес, қайта дамуға кедергі болар кемшілік болуда.

2017 жылы дамушы елдерде, соның ішінде Қазақстанда жұмыс істейтін инвесторлар арасында жүргізілген сауалнама қорытындылары жарияланған. «Қазақстанда жұмыс істеуге кедергі болатын басты фактор не» деген сұраққа, инвесторлар «жергілікті мамандар біліктілігінің төмендігі» деп жауап берген. Бұл фактордың кері ықпалы аталған сауалнамада сыбайлас жемқорлықтан да асып түскен!

Тура осы жағдай жастар арасындағы жұмыссыздыққа да себеп. Қазірдің өзінде жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі ересек тұрғындар арасындағы жұмыссыздықтан жоғары және, өкінішке қарай, бұл көрсеткіштің еліміз бойынша соңғы жылдары өсуі байқалуда.

Жұмыссыз жастардың саны статистика бойынша, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 3,9% болса, 2018 жылдың бірінші тоқсанында бұл деңгей 4,1%-і құрады.

Сондықтан, бізге білім сапасы мен дағдының көкжиегін кеңейтетін жан-жақты «жаңғыру» жобасы қажет. Егер біз XXI ғасырдың жаңа даму логикасын ескеріп, тез бейімделмесек, артта қала береріміз анық.

Бірнеше ай бұрын «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына бағалау жүргізді. Бұл зерттеу нені көрсетті?

Біріншіден, студенттердің уақытын зая қылатын қажетсіз пәндердің көп екендігі анықталды.

Екіншіден, IT мамандығы бойынша жасақталған оқу бағдарламалары (силлабустары) нарықтың қажеттіліктеріне мүлде сай емес. Осындай жағдай басқа да мамандықтарға тән. Бұл мәселе барлық мемлекеттік жоғары оқу орындарына ортақ. Әрине, көп жағдайда оқытушы жалақысының аздығы мен нарықтағы білікті мамандарды білім мен ғылым саласына тарту мүмкіндігінің болмауына да байланысты болар.

Студенттер үшін білім алу траекториясын таңдау мүмкіндігі жоқ, көптеген орта арнаулы және жоғары оқу орындарында студенттердің таңдаған пәндері бойынша бағдарлама жасақтау және оқыту жұмысы немқұрайлы жүзеге асырылады. Студенттің жолы болып, ізденімпаз ұстаз жолықса жақсы, ал ондай ұстаз табылмаса ше?!

Осы ретте, мен Илон Масктің: «Егер ереже алға басуға кедергі келтірсе, ондай ережеден батыл бас тарту керек», - деген сөзімен келісемін. Оқу бағдарламалары уақыт талабына сай болмаса, оны қолданудың не керегі бар? Үйреншікті жоспар, жауап болған сабақпен жүре бергісі келетін ұстаз – баланың болашағына, яғни елге нұқсан келтіреді!

Барлық жоғары оқу орындары, соның ішінде, жергілікті университеттер осы айтылғанды ескере отырып, білім беру бағдарламаларын жыл сайын жаңартып, қайта әзірлеуі қажет. Биылдан бастап күшіне енген академиялық еркіндік қағидасы Сіздерге оған жол ашты.

Ақпараттық, сандық технологиялар адам қызметінің барлық салаларына, соның ішінде өндіріске дендеп кіргенін түсіну қажет. Сондықтан білім беру саласындағы IT-технологиялармен байланысты жаңалықтар әсте сән емес, ол - уақыт талабы!

Менің білуімше, кез келген елдің білім беру жүйесі шешуі тиіс ЕКІ ҒАНА басым міндет бар. Ол – білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету және сол сапалы білімді баршаға қолжетімді ету. Ақпараттық технологиялар осы екі міндетті де тиімді шешуге жол ашады. Білім берудегі ақпараттық технологияларды кеңінен қолдап, дамытуға балама жоқ! Мұны барлық ұстаздар түсініп, оған ден қоюға міндетті!

Бұған дейінгі, индустриалды замандағы білім берудің басты міндеті жаппай сауаттылыққа қол жеткізу болатын. Сондықтан да мектеп, балаларды топ-топқа бөліп, бәріне ортақ талап қоятын конвейер үлгісімен жасалды.

Қазіргі мақсат ол емес. Бүгінгі балалардың дені мектепке сауат ашып, яғни әріп танып, санауды біліп келеді. Қазіргі міндет – әр баланың жеке қабілетін, қажеттілігін, мүмкіндігін ескере отырып оқыту. Оны "персонализация" (personalization) дейді. Бұл міндетті шешу үшін мұғалімдердің санын күрт көбейту керек, ал ол мүмкін емес. Оның жалғыз ғана баламасы – әр балаға бейімделіп жұмыс істейтін ақпараттық технологияларды дамыту.

Заманымыздың жаңа келбетін айқындаушы Төртінші индустриалды революция – бұл барлық өндірістік процестерді автоматтандыру және ақпараттандыруды білдіреді. Сондықтан, түрлі жаңа форматтағы заманауи көзқарасты жаңа кадрларды талап етеді, жаңа мамандықтар ашады.

Бізге сол міндеттерді орындай алатын, жаңаша шешім қабылдайтын озық ойлы және креативті адамдар болуы қажет.

Сол себепті, біз 2014 жылдан бастап балаларымызды кезіндегі Кеңестер Одағының мақтанышы болған Мәскеу мен Санкт-Петербургтің озық инженерлік жоғары оқу орындарына мақсатты түрде оқуға жіберудеміз. Осы жазда біз Ресей Федерациясының гранты бойынша оқып жатқан 452 қызылордалық студенттің 65 алғашқы түлегін күтудеміз.

Сонымен бірге, біздің жастарымызға мамандандырылған «Киберқауіпсіздік» және «Процестерді математикалық модельдеу» саласында М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік университетіне жыл сайын 20 грант бөлінді.

Ақпараттандыру мен технологияларды енгізу бойынша Ресейдегі көшбасшы аймақ Татарстан Республикасындағы Иннополис университетінде ақпараттық және сандық технологиялар бойынша жыл сайын тағы 20 түлектің білім алуына Татарстан Президентімен (аймақ есебінен қаралған) келісіміміз де бар.

Бұдан басқа, осы жылдың шілде айының басында Астанада біз Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Парламентаралық Ассамблеясы аясындағы жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойдық. Жоғары оқу орындарына түсу емтихандарын үздік тапсырған Қызылорда облысы мектептерінің түлектеріне жыл сайын Санкт-Петербургта оқуға 10 білім грантын бөлетін болды.

Өскелең ұрпаққа, олардың ата-аналарына ыңғайлы болсын деп қазір «Мәскеу-Қызылорда» әуежолын аштық. Жетісіне төрт рет қатынайтын «Аэрофлот» компаниясы әуе лайнерінің билетін ертерек сатып алсаңыз тіпті тиімді.

2018 жылы Санкт-Петербург экономикалық форумы аясында жаңа технологиялардың компанияларға әсері бойынша жүргізілген сауалнама нәтижелері жарияланды. Ірі кәсіпкерлердің 62%-і болашақта жасанды интеллекттің зор ықпалына қарамастан, адамдардың еңбегіне жүгінулері бүгінгіден кем түспейді деп есептейтіндерін айтқан. Алайда, цифрландыру жүйесі еңбек дағдыларына қойылатын талаптарды өзгертетінін дұрыс түсіну керек. Болашақта адамдар қызмет саласын жиі өзгертуге мәжбүр болады, олардың мансабы қазіргідей бір бағытты болмайды! Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым тез, әрі қиналмай өзгертуге қабілетті, аса білімді адамдар ғана табысқа жетеді.

Сондықтан да, ұдайы білім ала білу дағдысы алдыңғы білімнің жылдам ескіруіне байланысты өте маңызды болмақ. Бір сөзбен айтқанда, заман күнде оқуды, күнде ізденуді талап етеді!

Оның үстіне жаңа буынның білім алуы мен тәрбиесіне білім беру жүйесі ғана емес, жасөспірімдерді қоршаған ортаның барлығы жұмылуы қажет.

Үй, балабақша, мектеп, ортасы, тұрмысы, өмір-салты, ойын-сауық мүмкіндіктері – барлығы жан-жақты даму мақсатына жұмыс істеуі керек.

Бізде, өкінішке қарай, технологияларды енгізу және пайдалану, әлеуметтік белсенділік пен кәсіпкерлікті қолдау, коммуникация және дизайн, сондай-ақ, мектептегі оқу бағдарламасына кірмейтін ғылымдар саласында таланттарды анықтау мен қолдауға қажетті инфрақұрылым жетіспейді, тіпті жоқтың қасы деуге болады.

Бұл тұрғыда Ресейдің «Кванториум» тәжірибесі бізді қызықтырып отыр. Бұл жоғары технологиялық құралдармен жабдықталған және жоғары білікті инженерлік кадрларды даярлау, инновациялық технологиялармен идеяларды дамыту, тестілеу және енгізу мақсатында құрылған балалар технопарктері.

Меніңше, бұл тәжірибені Мемлекет басшысының Жолдауында қойылған балалар технопарктерін және бизнестің желісін құру жөніндегі міндеттер аясында іске асыруға болады. Бұл үшін аймақта дарынды, ізденімпаз жастарға жаңа өнім жасауына қолайлы кеңістік құру қажет.

Оны іске асыруды жастар саясаты, білім, индустриялық-инновациялық даму, кәсіпкерлік және туризм және жақында ғана құрылған сандық технологиялар басқармаларына тапсырамын!

Сапалы білім алуға қол жеткізудегі кейбір кедергілер талантты жастарды басқа елге барып, оқудың қолайлы жағдайын іздеуге мәжбүр ететіні құпия емес. Бүгінде, кейбір мәліметтерге сәйкес Ресейде 75 мың қазақстандық студент гранттар бойынша оқиды, 130 мыңнан астам студент грант және ақылы бағдарламалар бойынша шет елдерге кеткен. Олардың барлығы ертең елге қайтып келе ме? Күмәнім бар!

Бұл да ашық бәсекенің бір көрінісі. Біздің ең ақылды, дарынды балаларымызды алып кетіп, өздерінде қалдыру үшін басқа облыстар ғана емес, басқа елдердің де таласы бар.

Қазіргі қабілетті жастардың алдында шексіз мүмкіндіктер ашылады. Біз оны жасанды шектей алмаймыз. Оларды алып қалу үшін оңтайлы жағдай жасаудан басқа амал жоқ. Яғни, мектеп те, колледж де, университет те барымен тұйықталмай, әлемде бар білім мен жаңалықты алып келіп, оқушыларға ашып беруге міндетті! Бұған тағы да қазіргі технологиялар жақсы мүмкіндік береді.

Біздің оқу орындарымыз осыны жасап жатыр ма?!

Тағы да күмәнім бар!

Бұл бүгінгі күні біз жол беріп жатқан кемшіліктің бірі. Мұның себебі, біздің білім беру жүйесінің жаңа заман талабына сай әлі де жетілмегендігінде және біздің бұл мәселеге әлі де дендей алмағанымызда...

Статистикаға назар аударсақ, қазіргі таңда, біздің өндірісте жастардың баржоғы 10% еңбек етсе, құрылыс саласында өрендеріміздің 7%-і ғана жұмыс жасайды.

Ал, көтерме және бөлшек сауда орындарында жұмыс жасайтын жастар 17 процентті құрайды. Қара жұмыс жасайтын және 3-5 адамның басын қосып жұмыс ұйымдастыра білетін жастар жоқтың қасы. Жастар арасында жұмысшы мамандықтар сән болудан қалған. Бұл да арнайы қарайтын маңызды мәселе деп ойлаймын. Өйткені бізге дәл қазір сондай жұмысшы қолдары жетіспейді.

Қашанғы көрші елдердің арзан жұмыс қолына қарап отырамыз? Айтпақшы ол елдер де соңғы кездері қарқынды нарықтық даму жолына түсуде, ертең-ақ олар біздің негізгі бәсекелесімізге айналады. Жастар арасында білімсіздік, еңбек етуге машықтанбау, нарық пен кәсіпкерліктен хабары жоқ жастардың көбеюі қылмыстың өршуіне де себеп болады. Алматыдағы Денис Теннің өліміне алып келген қылмыс соған мысал. Ол қылмысқа барған екі жас та біздің қоғамның мүшесі.

Олардың жексұрын қылығы мен аяныштты тағдырына оларды оқытып, тәрбие берген ортасы кінәлі емес деуге бола ма? Тәрбие бере алмаған ата-анасы, білім беріп, өмірге дайындай алмаған мектебі, қамқорлық жасап, бағыттай алмаған қоғамның да жауапкершілігі бар?!...

Сондықтан да бірде-бір баланың назарсыз, бірде-бір түлектің бағдарсыз қалмауы өте маңызды.

Осыны ескере отырып, жыл сайын 100 дарынды әрі талапты ауыл балалары, оның ішінде, аз қамтылған және көпбалалы отбасынан шыққан жастарды еліміздің белді жоғары оқу орнына облыс әкімінің грантымен оқуға жолдаудамыз. Биылғы жылы оқу грантының санын 100-ден 205-ке дейін немесе 2 есеге ұлғайттық! Осылайша, бүгінгі таңда грант иегерлерінің саны 900 адамға жетті.

Биылғы жылдан бастап IT-мамандықтарына жыл сайын бөлінетін гранттардың 70%-ін арнауды жоспарлап отырмыз. Олардың болашақта туған елге қайтарымы болады деген үмітіміз зор!

Биылғы Ұлттық бірыңғай тестілеудің қорытындысы бойынша облыс түлектерінің орташа көрсеткіші 85,2 балды құрады. Бұл былтырмен салыстырғанда 2,42 балға жоғары (2017 жылы – 82,4 балл). Былтыр түлектердің 97%-і оқуға түскен. Биылғы жылғы жоғары және орта оқу орындарына түсуі туралы мәлімет енді шығады. Биыл да нәтиже жаман болмауы тиіс.

Жалпы, жоғары сынып оқушыларын жақсы - жаман, озат немесе нашар оқушыға алаламай, барлығын бірдей үлкен өмірге бағыттай білу – мектеп директорынан бастап, барлық мұғалімдер атсалысатын аса маңызды міндет. Қылмыскер де, экстремист те, бұзақы да мектеп қабырғасынан бағыт-бағдарсыз шыққан баладан шығады!

Әрине, тәрбие мен бағдар беру мектеппен шектелмейді. Кейде мектептен жап-жақсы негіз қалыптастырып келген бала, оқудың кезекті сатысында қажетті білім мен қолдау таппай бүлінеді.

Зерттеулерге сүйенсек, қазақстандық колледж және университет түлектері арасындағы ертеңіне нық сенімді жастар үлесі өте төмен. Жасампаздық, бастамашылдық, кәсіпкерлік және көшбасшылық дағдылар қалыптастырып, жалындап тұрған түлек көп емес. Бұл дерт Қазақстан ғана емес, басқа көрші елдерге де тән. Жаңа уақытқа бейімделу міндеті де баршаға ортақ. Көп елдің әдіскер мамандары мен зерттеу орталықтары осы бағытта ізденуде. Оларға құлақ түріп, тәжірибесін зерттеу міндеті де назардан қалмауы тиіс.

Жақында менің қолыма Ресейдің стратегиялық зерттеулер орталығы мен Жоғары экономика мектебінің ұжымдары дайындаған Ресейдегі адам капиталын дамытуға арналған зерттеуі мен соның негізінде дайындалған ұсыныстары тиді.

Аса беделді мамандардан құралған ғалымдар тобы зерттеулерін қорыта келе, жаңа замандағы бәсекеге дайын болу үшін Ресей басшылығы білім беру жүйесінде мынадай мәселелерге ерекше назар аударуы қажет дейді:

Бірінші. Балаларды ерте жастан дамытуға жағдай жасалуы тиіс. 1-3 жас аралығында ата-ана мен тәрбиешілер нәресте санасының қалыптасу ерекшеліктерін ескере отырып, бала дамуына қажетті барлық жағдай жасауға міндетті.

Екінші. Цифрлы дәуір мектебін құру қажет. Яғни қазіргі ақпараттық технологиялар мен білім беру мақсаттарын ұштастыру арқылы әр баланың сапалы білім алуына жағдай жасалуы тиіс. Ол туралы жоғарыда кеңірек айтылған болатын. Бұл сіздерге түсінікті деп ойлаймын.

Үшінші. Мектептердің материалдық инфрақұрылымын күшейту керек. Яғни, мектеп ғимараты, сыныптары, лабораториялары мен құрал-жабдықтары заманға сай болуы шарт.

Төртінші. Білім беру жүйесі барлық балаға теңдей дәрежеде сапалы білім алуға жағдай жасауы керек. Ауыл мектебі мен қала мектебі, орталық пен шет мектеп, үлкен мектеп пен шағын мектеп арасында сапа айырмасы болмауы қажет! Мектеп ішінде де балаларды алалауға жол беруге болмайды.

Бесінші. Мектептер мен колледждерде жаңа технологиялық білім мазмұнына жете көңіл бөлінуі қажет.

Ол робототехника, IT сауаттылық, крафтинг секілді жаңа бағыттар мен дағдылар.

Алтыншы. Аса дарынды балаларды анықтау, қолдау және олардың ілгері жылжуына жағдай жасау жүйесі. Меніңше, бізде бұл жағы жақсы жолға қойылған. Назарбаев зияткерлік мектептері соның бір мысалы.

Жетінші. Жасына қарамастан, барлық адамдардың үздіксіз, ұдайы білім алуына, біліктілігін арттыруға және жаңа мамандық пен дағдылар игеруге жағдай жасау.

Сегізінші. Аймақтық жоғары оқу орындарының жергілікті жердегі инновациялық орталық ретінде дамуына жол ашу қажеттігі. Ол үшін алдымен өз мектептеріміздің озат түлектеріне жергілікті университетте қалып білім алуына, әрі қарай зерттеулермен айналысуына жағдай жасалуы қажет.

Тоғызыншы. Мектеп бағдарламасының жаңа мазмұны, соның ішінде жан-жақты сауаттылықпен қатар балалардың денсаулығы мен өмір дағдыларын қалыптастыру қажеттігі. Бізде сауаттылық тұрғысынан мазмұн белсенді түрде жаңаруда, алайда тәрбие жұмысы, денсаулық пен өмір дағдыларын дамыту мәселелеріне көңіл бөлінуі қажет-ақ.

Оныншы. Білім беру саласын дамытуға қажетті мамандарды даярлау, қайта даярлау және оларды ұдайы оқыту жүйесін дамыту. Бұл шын мәнінде аса өзекті тақырып. Ұстаздар және білім беру ісін ұйымдастырушыларды дайындау жұмысы түбегейлі түрде қайта қарауды талап ететіні анық.

Осы аталған он ұсыныспен бірге басқа да елдердің тәжірибесіне ден қойып, мүмкіндігінше, әрқайсысын бөлек жобаға айналдырып, нақты нәтижелерге қол жеткізу мақсатында білім басқармасы аясында жобалық басқару тетіктерін енгізу мүмкіндігін қарастыру қажет.

Білім басқармасына айтылған ұсыныстарды мұқият зерттеп аймақтық білім беру жүйесін жетілдірудің жаңа жоспарын – жол картасын дайындау тапсырылады.

Құрметті ұстаздар!
Әріптестер!

Күмән жоқ, Тәуелсіз Қазақстанның 2050 жылғы жағдайы мен әлем елдері арасындағы орны алдағы 5-7 жылда біздің балабақшаларымыз бен мектептеріміздегі, колледждер мен жоғары оқу орындарындағы білім саласындағы өзгерістермен анықталады.

Ол өзгерістердің мазмұны, сапасы мен жылдамдығы осы отырған ортаға байланысты, біздің атқарған қызметімізге, ісімізге деген адалдығымызға байланысты.

Әрине, өмірдің ағысына ілесіп, өзгерістерді сырттан ғана бақылап, өзгенің жасағанын сынап, енжарлықпен жүре беруге де болады. Ол оңай. Көпшілік солай өмір сүреді. Бірақ жас ұрпақты, сол арқылы қоғам мен елді алға сүйрейтін олар емес. Оны жасайтын – күнделікті өмірі мен қызметінде көзге көрінбейтін жаңалық, бірден еленбейтін өзгеріс әкелуге дайын адамдар.

Солардың күнбе күн жасаған жақсылықтары жинала келе айналаны адам танымастай етіп түрлендіретін өзгерістерге ұласады. Олай болса, бәріміз сол ортадан табылуға тырысайық.

Сөзімді, Сингапурлық экономикалық ғажайыптың негізін қалаушы, Сингапурдың тұңғыш Премьер-Министрі Ли Куан Юдың сөзімен қорытындылағым келеді: «Өзгерістер мен жаңаны қабылдауға бейім мәдениеттер қана өміршең болады. Оған дайын еместері артта қалып, құрдымға кетеді».

Сондықтан, өзгерістерге ашық, Ел мұраты мен ұрпақ тәрбиесіне адал болайық!

Елбасының тәуелсіздіктің алғашқы жылдары өткізген білім қызметкерлерінің I құрылтайында айтқан «Келешекке – кемел біліммен!» деген ұран-аманатын бірлесіп іске асырайық!

Өйткені, жас өркенді біліммен қаруландырып, қанатын қатайтып, әлемдік бәсекеге қосудың кілті – Сіздердің қолдарыңызда, мәртебелі ұстаздар!

Бұл – Сіздерге жүктелген абыройлы міндет!

Сол ұлы істе абыройларыңыз қашан да биік болғай!

Жаңа оқу жылдарыңыз жемісті де жеңісті болсын!

Рахмет!

Бүгінде Назарбаев зияткерлік мектептерінің жаңартылған білім беру мазмұны барлық мектептердің оқу процесіне енгізілуде. Дербес білім беру ұйымы мен облыс әкімдігі арасындағы меморандумға сәйкес аймақта 46 мектеп инновациялық бағытта жұмыс жасап жатыр. «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының басқарма төрайымы К.Шамшидинова қазіргі сұранысқа ие мамандықтарды роботтар алмастырғанда, адамның жаңа өмірге бейімделуі қандай сатылардан өтетініне жүргізілген талдауларды ұсынды. Мұндай уақытта «балаларды қалай оқыту керек?» деген сауал өздігінен күн тәртібіне шығатыны сөзсіз. Аграрлық өнеркәсіп дәуірінде басты актив жер болды. Индустрияландыру заманының активі капитал, ал қазіргі уақыттың активі – адам. Бүгінде цифрлық сауаттылық жазу және оқу сауаттылығымен бірдей. Қазір адам баласына өзінің еңбек жолында 6-8 рет мамандық ауыстыруға қабілетті болу талабы қойылып отыр. Басқарма төрайымы ақпаратпен жұмыс істеп оны сараптай алу, кез келген ортада өз біліктілігін дәлелдеу, командада жұмыс істеу, өмір бақи оқып-үйренудің маңызына, мұғалімдерге әдістемілік көмек көрсетудің Қызылорда облысында жасалған моделіне тоқталды. Жалпы білім беретін мектептерге тренерлер дайындап, ұстаздарға онлайн көмек көрсету жолға қойылды. Жақында «Жетекші мектептердің басқа мектептерге көмек көрсетуге шамасы жете ме?» деген сауалмен зерттеулер жүргізілді.

Нәтижесінде мұғалімдер де, директорлар да семинарлардың сапасы артқанын, мектеп басшыларының тек қана әкімшілік жұмыспен айналысуы қысқарғанын көрсетті. Қазір жетекші мектептер директорлары әдістеме, технология және бағалау тұрғысынан басқа білім ошақтарына көмектесе алатындықтарын айтқан. К.Шамшидинова қазір «жасанды интеллект мұғалімді алмастыра алады ма?» деген сауалдың өткір екеніне тоқталып, оған «әріптестерім, біз дұрыс мамандықты таңдадық, өйткені мұғалімді ешбір робот алмастырмайды. Жасанды интеллект адамды алға ұмтылуға итермелей алмайды, бұл тек қана ұстаздардың қолынан келеді» деп жауап берді.

Облыстық білім басқармасының басшысы М.Мелдебекованың айтуынша, Қызылорда қаласы бойынша автоматтандыру жүйесіне балабақшалардың барлығы қосылды. Облыстағы қалған 420 балабақша жаңа оқу жылынан қосылуды бастайды. Ендігі кезекте жекеменшік балабақшаларға қатысты орын алған проблемалар толық шешілуі тиіс.

Өткен оқу жылында халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жарыстарға қатысқан оқушылардың 17-сі жүлделі орындарды иеленді. Оның ішінде 5-і Алтын медаль, 3-і Күміс медаль алды.

Биылғы ҰБТ-ға 7113 мектеп бітірушінің 4742-сі қатысты. Қорытындысымен орташа балл 85,8-ді құрап, өткен жылмен салыстырғанда 3,4 баллға көтерілді. Облыста мектеп бітірушілердің 57,6 пайызы мемлекеттік білім беру грантын иеленді. Грант иегерлерінің саны 2017 жылмен салыстырғанда 509-ға артты.

Талапкерлердің 45,2 проценті техникалық, 25,4 проценті педагогикалық, 7,5 проценті медициналық, 10,3 проценті ауыл шаруашылығы мамандықтарын таңдаса, басқа да салаларды 11,3 проценті таңдаған. «Серпін» бағдарламасы бойынша 751 бітіруші оқуға түскен. Сонымен қатар, облыс әкімінің грантына 205 талапкер, жоғары оқу орындары грантына – 43, әскери грантқа 39-ы ие болған.

Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатыспаған 2371 бітірушінің 669-ы жоғары оқу орындарына ақылы түрде, 1184-і колледждерге, 16-сы қысқа мерзімді курстарға барады. Ресей Федерациясының алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында техникалық мамандықтар бойынша 58 бітіруші оқуға түсіп отыр.

Биылдан бастап педагог кадрларды аттестаттаудың жаңа форматы енгізілді. Жаңа формат бойынша біліктілік санатын бекіту немесе растау үшін педагог қызметкерлер міндетті Ұлттық біліктілік тестілеуден өтсе, екінші кезеңде атқарған жұмысына талдамалық қорытынды жасалады. Аттестаттау қорытындысымен біліктілік санаттарына қарай жалақыларына 30-50% көлемінде үстемақы қосылады.

Облыс бойынша оқушылар санының жыл сайын өсу динамикасы байқалады. Жаңа оқу жылында оқушылар контингенті 154 мыңнан асты. Былтырғымен салыстырғанда 7 мыңға көбейіп тұр. Алдағы уақытта демография, миграция есебінен және 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап 6 жасқа толатын балалардың барлығын 1 класқа қабылдау нормасы енгізілгенде, бұл көрсеткіш тіптен өседі. Сол кезде үш ауысымдық мектептердің болу қаупі бар.

Облыста бұл бағытта алдын алу шаралары іске асырылды. Биыл Қармақшы, Жаңақорған аудандарында 3 мектеп пайдалануға берілсе, жаңа оқу жылына Қазалы, Жаңақорған аудандарында 3 мектеп іске қосылады. Арал ауданындағы 1 мектеп жыл соңына дейін және Қызылорда қаласындағы 1 мектеп алдағы жылы қабылданады деп күтілуде. Осымен қатар, орын тапшылығын болдырмау және апаттық мектеп мәселесін шешу мақсатында Білім және ғылым министрлігіне келесі жылы 6 мектеп құрылысын бастауға қаражат бөлу үшін ұсыныс берілді.

Жаңа оқу жылының жаңалықтарының бірі – «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 5-7-ші кластарда «Өлкетану» курсы биыл алғаш рет енгізіледі. Облыстағы педагог ғалымдардың авторлық ұжымы дайындаған өңіріміздің табиғаты, тарихы, салты мен дәстүрін көрсететін оқулық дайын. Арнайы курс оқу жылының екінші жартысынан бастап оқытылатын болады.

Биылғы оқу жылының тағы бір ерекшелігі – жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндердің жоғары кластарда ағылшын тілінде оқытыла басталатыны. Пәндерді ағылшын тілінде оқытуға 2021 жылға дейін кезең-кезеңмен көшудің жоспарына сәйкес облыстағы 46 инновациялық мектеп жұмысты бірінші болып қолға алады. Қазір 649 мұғалім ағылшын тілі курстарынан өтті. Ағылшын тілінде білім беруді бастайтын педагогтарға республикалық «Ұстаз» орталығы мамандары оқу жылы бойы қолдау жасап, сабақтарына қатысу арқылы нақты көмек көрсетеді.

Облыстағы мектептердің 93,1% немесе 273-і кең жолақты Интернет желісіне қосылған. Жыл соңына дейін қалған мектептер толығымен қосылатын болады. Былтырдан бері 242 мектеп «Күнделік» электронды жүйесіне қосылды. Қалған мектептер жаңа оқу жылына жүйеге қосуды аяқтайды. Алда барлық мектептер класс журналдарын электронды форматқа көшіреді. Мектептер 156 жаңа модификациялық физика, химия, биология пәндік кабинеттерімен, 92 мектеп робототехника кабинеттерімен, 9 оқушылар сарайы «3Д лабораторияларымен» жабдықталса, қалалық оқушылар сарайы базасында IT IMAQORDA ресурстық әдістемелік орталығы құрылады. Инновациялық мектептер арасынан Қызылорда қаласындағы №3 мектеп-лицейі «информатика» бағытындағы тірек мектебі ретінде IT-лицей болып белгіленіп, интерактивті құралдармен қайта жабдықталуда.

Тамыз кеңесінде БҒМ жанындағы ақпараттық талдау орталығы президентінің міндетін атқарушы Е.Нұрланов, облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ғ.Жақсылықов баяндама жасады. «Мәскеу болат және қорытпалар институты» Ұлттық зерттеу технологиялық университетінің түлегі А.Тобжан Мәскеуден диплом алып оралған алғашқы қарлығаштардың атынан аймақ басшысына алғысын айтты.

Жаңа оқу жылы қарсаңындағы жиында бірқатар оқытушы «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен, «Ыбырай Алтынсарин» медалімен, сондай-ақ облыс әкімінің Құрмет грамотасы және алғыс хаттарымен марапатталды. Ал, Қызылорда қаласындағы үш тілде білім беретін «Мұрагер» мектебіне «Үздік орта білім ұйымы» номинациясы бойынша 17 миллион теңгенің сертификаты табысталды.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы».
Суретті түсірген
Бағдат ЕСЖАНОВ.

1-бет

1-бет

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖЕТІСТІГІ – «100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ»

– «Рухани жаңғыру» бағдарламасындағы маңызды бағыттардың бірі – «сананың ашықтығы». Осы мақсатта талантты да талапты балаларымыздың заманауи білімді игеруі, өркениет талаптарына сай болуы үшін барынша жағдай жасалуда. Әлемдік кеңістікте ұлтымыздың табысты болуы табиғи байлығынан гөрі адамдарының бәсекеге қабілетті болуымен өлшенеді, – деді облыс әкімі.

Бүгінгі ұрпақтың сауатты, бәсекеге қабілетті болып қалыптасуына бағытталған бұл жұмыстар бірнеше жыл бұрын басталған.

– Қырымбек Елеуұлының бастамасымен құрылған Wikibilim қоғамдық қоры еліміздегі Google-дің аударма қызметіне қазақ тілінің қосылуына, дүние жүзіндегі ең үлкен энциклопедия Уикипедияның ана тілімізде тарап, онлайн кітапхана Kitap.kz-тің ашылуына жол ашты. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде 100 жаңа оқулықты аудару жұмысы бізге тапсырылғанда қоғамдық қордың аты Ұлттық аударма бюросы болып өзгертілді. Елбасы бастамасының аясында тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша әлемде жоғары сұранысқа ие кітаптардың дені ағылшын тілінен тікелей қазақшаға аударылды. Ұлттық аударма бюросы «Рухани жаңғыру» бағдарламасынан туындайтын алты бастаманың екеуі бойынша белсенді жұмыс істейді. Бірі – жаңа гуманитарлық білім «қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы болса, екіншісі – жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет жобасы, қазақ әдебиеті, мәдениеті, музыкасы, кино өнерін БҰҰ-ның алты тіліне аударып, шетелге тарату, насихаттау жұмыстарын іске асыруда, – дейді Рауан Кенжеханұлы.

Бүгінде «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы бойынша ғалым, оқытушы, аудармашы, беттеуші, контент жасаушы, программистер сынды 300-ден аса адам жұмыс істеуде. Аударма – күрделі шығармашылық жұмыс, ал ғылыми аударманың жүгі одан екі есе ауыр. Сондықтан жұмыс тобының алдында маңызды кітаптарды таңдау, оқулық авторларының рұқсатын алу, екіншісі аудармаға жауапты мамандарды дайындау, іріктеу міндеті тұрды. Алдымен Ұлттық аударма бюросы республикадағы барлық оқу орындарына сауал жіберіп, факультеттер қандай оқулықтарға зәру екендігін анықтады. Сауалнама бойынша 800-ден аса беделді деген авторлардың оқулықтарына сұраныс түскен. Ақылдаса келе, жұмыс тобы оқулық таңдаудың бірнеше талаптарын бекітеді. Айталық, «бұл оқулықтар дүние жүзіндегі мәндайалды 100 университеттің бағдарламасында болуы керек, идеологиялық тұрғыдан бейтарап бағытта, яғни белгілі бір идея, концепцияларды насихаттамауы тиіс, кемінде 3 рет басылым көруі қажет» сынды талаптар қойылады. Соның негізінде алғашқы 18 оқулық іріктеліп алынады. Атап айтсақ, бұл кітаптар әлемнің 42 елінде, 34 тілде басылып, жалпы таралымы 47 миллионнан асқан. Мұндай оқулықтарды мемлекеттік бағдарлама аясында аударып, тегін тарату – әлемде баламасы жоқ тәжірибе.

Ал аударма жұмысы үш кезеңге бөлінген: аудармашылар аударады, ғылыми редактор қарайды, әдеби редактор өңдейді. Себебі, ағылшынша білетіндердің басым бөлігі қазақ тіліне жетік емес, тіпті екі тілді меңгерген адам болғанмен,

1-бет

пәнді түсіне бермейтін болып шығады. Сондықтан осындай үш критерий бойынан табылатын маманды табудың өзі күрделі жұмыс екені анық. Аударманың аса жауапты тұсы – ғылыми терминология. Ел тәуелсіздік алған жылдары көптеген терминдер қазақшаланды. Ғылым мен білімде қолданылмағанымен, терминдердің қазақ тіліндегі баламасы, синонимдері өте көп. Сондықтан жаңа оқулықтарды аудару ісінде мамандар терминдердің бірізділігіне, мағына айқындығына мән берген. Айталық, Клаус Швабтың еңбегі «Төртінші индустриялық революция» деп аударылған. Бұл еңбек орыс тілінде «Четвертая промышленная революция» деп аталады. Промышленность – өнеркәсіп болса, ағылшын тілінде – «Industrial». «Төртінші өнеркәсіптік революция» деп аударса, мағына ауытқып кететін болғандықтан жұмыс тобы ақылдаса келе, халықаралық терминдерді сол күйінде беруді жөн көрген. Рауан Кенжеханұлының айтуынша, жаңа оқулықтарды сала мамандарымен қатар, мектеп бітіруші түлек, осы салаға қызығатын кез келген адам түсініп оқитындай деңгейде ұғынықты жазылған.

– Халықаралық төрт басылымы жарыққа шыққан Грегори Менкьюдің «Экономиксі» дағдарыс негізіндегі рефлекция кезінде пайда болған оқулық. Экономиканы жаңа көзқараспен, қарапайым тілде түсіндіретін кітаптың орысша нұсқасы жоқ. Кейбір оқулықтардың мазмұнымен қатар атауының өзі ғылымдардың сан алуан пікірін тудырды. Айталық, Эллиот Аронсонның кітабы орыс тілінде «Общественное животное» деп аударылады, ал біз «Әлеуметтік хайуан не Қоғамдық жануар» деп атай алмаймыз ғой. Сондықтан ойлана келе, «Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе» деп атауды жөн көрдік. Бұл халықпен, әлеуметпен жұмыс істейтін мамандарға аса пайдалы еңбек, –дейді Рауан Кенжеханұлы.

Оқулықтар республикадағы барлық аймақтардың кітапханаларына таратылып, электронды нұсқасы «Қазақстанның ашық университеті» платформасына жүктелген. Сондай-ақ, осы салалар бойынша тәжірибелі мамандар әр оқулық негізінде 25 видео-лекция дайындап жатыр. Дүниежүзілік тәжірибеге сәйкес, іргелі оқу орындарынан шалғайда орналасқан қала, ауыл студенттері үшін бұл сапалы білімге қол жеткізудің ең ұтымды жолы болмақ.

Осы кезге дейін 18 оқулық оқырман қолына тисе, тағы 30 оқулыққа аударма жасау биылғы жылдың еншісінде. Рауан Кенжеханұлының айтуынша, оқулықтар аударылып, редакция қарауынан өткізіліп жатыр. Бұл еңбектердің басым бөлігі кәсіпкерлік пен бизнес білімге арналған. Өйткені Қазақстандағы МВА әкімшілік бизнеске арналған жобаларды ешкім қазақша бере алмай отыр. Үлкен бизнес: банк, корпорация, компаниялардың негізінен ресми тілде сөйлеуіне қазақша бизнес басылымдардың болмауы да әсер ететіні белгілі. Сондықтан бұл қазақтілді бизнесті кәсіби деңгейге көтерудің нәтижелі қадамы.

«Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» – дүниежүзілік мықты стандарттармен алмасуға, тренд тер тынысын тап басып, әлемдік деңгейде ойлануға жетелейтін жоба. Бұл кез келген қоғамның дамуында бар тәжірибелер. Ұлттық аударма бюросының редакциялық алқа мүшесі Шерубай Құрманбайұлы Абайдың Лермонтов пен Пушкиннен, Шәкәрімнің Толстойдан аударма жасағанын еске салды. Алаш автономиясы құрылған сәтте Алаш қайраткерлерінің барлығы оқулық аударумен айналысқан. Тіпті, мамандығы экономист, заңгер бола тұра партия жетекшісі Әлихан Бөкейханов Оскар Уайлдтың «Жұлдыз баласын», «Қырымның қырық әңгімесін» аударып, көркем аударма ісін жолға қойған. Тек бүгінде ғылым мен техниканың дамуына орай, жағдай, оқырман сұранысы өзгерді.

Жиында оқулықтарды латын әліпбиінде шығару мәселесі айтылып, Рауан Кенжеханұлы әліпбидің ережесі бекітілсе, оқулықтарды латыншаға аударудың қиындық тудырмайтынын атап өтті.

Ал Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Студенттер сарайында Рауан Кенжеханұлы мен Шерубай Құрманұлының қатысуымен «100 жаңа оқулық: жаһандану және құндылықтар» тақырыбында жиын өтті. Оқырмандарға әлеуметтану, психология, педагогика салалары бойынша жарық көрген жаңа оқулықтардың маңызы түсіндіріліп, ерекшелігі айқындалды. Жаңа 18 оқулықтың ішінде Ли Энн Пек, Гай А. Рилдің «Медиаэтика» және Карен Армстронгтың «Құдайтану баяны» еңбектері бар. Осы туындылар төңірегінде облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының бөлім меңгерушісі Гүлмира Әшірбекова «Кәсіби этика оқытудың жаңа тәсілдері», осы орталықтың бас маманы Бақыт Әбжет «Адамзат жадындағы қастерлі ұғымдардың сәулелі және көлеңкелі тұстары» атты баяндама оқыды.

Рауан Кенжеханұлы жаңа оқулықтарды қазақшаға аудару ісі бірқатар бастамаларға жол ашатынын атап өтті. Сәуірдің 12-сі күні Президент оқулықтардың тұсаукесер рәсімінде 100 оқулықты аудару нәтижесі тек қана кітап болмауы керектігін, қанаты қатайған, тәжірибелі аудармашылардың ортасы қалыптасу керек екенін тапсырған еді. Бүгінде әлемге танымал ағылшын тіліндегі Оксфорд сөздігінің қазақша баламасын даярлау мақсатында келіссөздер жүргізілуде. Сондай-ақ, әлеуметтану, қоғамдық ғылымдарға байланысты жаңа түсіндірме сөздік жұмыстарын дайындау жоспарланған. Шара барысында университет ғалымдары жаңа оқулықтар жөнінде пікірлері мен ұсыныстарын жеткізді.

«Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулықты» аудару ісі қоғамдық санаға қозғау салып, әлемдік құнды дүниелерге қол жеткізуге мүмкіндік бергені анық. Ал, «Ұлттық аударма бюросы» ұлт тірлігіне үлкен талапшылдықпен, тиянақтылықпен қарап, еселі еңбек атқаруда.

Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы».

FORÝM

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС – БИЛІК ПЕН БҰҚАРА АРАСЫНДАҒЫ ДӘНЕКЕР

Кеше «Достық үйінде» сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмыстарын күшейту мақсатында облыстағы қоғамдық кеңес мүшелерінің I форумы өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Балайым Кесебаева, облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департамент басшысы Абзал Мұхимов қатысты.

– Ұлт жоспары аясында қолға алынған қоғамдық кеңес – Елбасының тікелей тапсырмасы негізінде құрылды. Бұл ұйым қоғамда өзінің маңыздылығын көрсетті. Себебі, қоғамдық кеңес – атқарушы билік пен бұқара халықты байланыстырып отырған дәнекер. Яғни, биліктің халық алдындағы жауапкершілігін күшейтумен бірге елдің сенімділігін қалыптастырды. Қазіргі сәтте алдымызда аталған ұйымның жұмысын заманауи тұрғыда жүргізу міндеті тұр. Осы тұрғыда қоғамның пікірін ескере отырып, бірлесе жұмыс жасасақ, ісіміздің нәтижелі болатыны сөзсіз, – деді Руслан Рүстемұлы.

Қоғамдық кеңес – Ұлт жоспарының нақты қадамдарының бірі. Осы кеңестер арқылы еліміздің кез келген азаматы мемлекеттік органдардың қызметіне қоғамдық негізде үн қоса алады. Демек, мемлекеттік органдардың қандай да бір шешім қабылдауына ықпал етеді. "Қоғамдық кеңес" туралы қабылданған Заңның маңыздылығын сөз еткен мәжіліс депутаты Б.Кесебаева қазіргі таңдағы қоғамдық кеңестің билік пен халықты, түрлі сала өкілдерін біріктіретін басты механизм екенін баса айтты.

– Бұл форумның билік органдарының өкілдерін, сарапшыларды, кәсіпкерлерді біріктіріп отырған күш екендігі бізді қуантады. Негізінен билік қызметінің азаматтық қоғам үшін ашықтығы бүгінгі күні маңызды рөл атқарады. Өздеріңіз білетіндей, Мемлекет басшысының бес институционалдық реформасын жүзеге асыру мақсатында "Қоғамдық кеңес" туралы Заң қабылданған болатын. Бұл Заң елімізге қоғамдық бақылау жүйесін енгізіп, қоғамға нақты есеп беретін мемлекетті қалыптастыруды көздеп отыр. Осы заң аясында қалыптасқан Қоғамдық кеңес – азаматтық қоғамның мүдделерін білдіру, шешімдерді талқылау мен қабылдау кезінде жұртшылықтың пікірін ескеру, қоғамдық мүдделерді қорғауға бағытталған азаматтық бастамаларды іске асыру, орган қызметіне сенім деңгейін арттыру, әлеуметтік шиеліністердің алдын алу мен оның шешу міндеттерін басшылыққа алуда. Қазіргі кезде республикада 230-ға жуық Қоғамдық кеңес жұмыс атқаруда, – деді Балайым Туғанбайқызы.

Жиын барысында халық пен билік арасында алтын көпір болған кеңестің қызметі жайында облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов сөз алса, "Облыстағы қоғамдық кеңес қызметінің негізгі бағыттары мен алға қойған міндеттері туралы" облыстық Қоғамдық кеңес төрағасының орынбасары Б.Досмамбетов, "Сыбайлас жемқорлық сипатындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың орын алуына себеп болған жағдайларды жою бойынша өткізілген талқылаулар" туралы сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық бюроның облыс бойынша департаменті басшысының міндетін атқарушы Ермек Тленов, «Жергілікті қоғамдық кеңестердің жұмысын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараға бағыттау мәселелері» бойынша Жаңақорған аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Сәулебек Ысқақов хабарлама жасады.

Басқосу соңында форумға қатысушылардың ұсыныс-пікірлері тыңдалып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы Үндеу оқылды. Өңірімізде алғаш рет өткізілген форумда облыстық Қоғамдық кеңесі алдағы уақытта сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмыстарын барынша күшейтіп, онымен күресуде бірлесе іс-шара қабылдауға уағдаласты.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
"Сыр бойы".

BRIFING

ҚАЗАЛЫ: АУДАН ЭКОНОМИКАСЫ ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Жалпы, Қазалы ауданында атқарылып жатқан тірлік көп. Жол жөнделіп, жаңа нысандар салынуда. Емхана, мәдениет үйі, мектептер мен балабақшалар ел игілігіне берілуде. Кәсіпкерлік өркен жайып, саланы игеремін дегендердің саны артқан. Ауыз су, тұрғын үй секілді мәселелер де кезеңкезеңімен шешімін тауып келеді.

Биыл ауданның бюджеті 21 млрд теңгені құраған. Оның ішінде кіріс 2,1 млрд теңгеге жеткен. Бюджетке түсетін салықтар және басқа да міндетті төлемдердің түсімі артығымен орындалған. Кәсіпкерлік саласында қарқын бар. Жыл басынан бері өнеркәсіп орындарында 8 млрд теңгенің өнімі өндірілген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 9 процентке жоғары. Кәсіпкерлік субъектілерінің саны – 4430. Оның ішінде осы жылдың алты айында 581 кәсіпкер тіркелген. Тиісті кезеңмен салыстырғанда 1,6 есеге көбейген. Жұмыс істеп тұрған шағын орта кәсіпкерлік субъектісі – 3614. Кәсіпкерлердің белсенді көрсеткіші жыл басында 76 процеттен 82-ге өсіп, қорытынды кезеңде 86 процентке жеткізу жоспарланып отыр. Сонымен қатар аудан кәсіпкерлерінің 89 жобасы аясында 375 млн теңге несие алған. Екінші деңгейлі банктер арқылы 21 кәсіпкер 561 млн теңге несие алып, жұмысын жандандырған. Мемлекеттік грант арқылы ауданнан құны 118 млн теңге болатын 56 үміткер құжат тапсырып, нәтижесінде 19 жоба мақұлданған. Стартап жобасы бойынша 25 қатысушы 240 мың теңгеден 6 млн теңге көлемінде грант еншіледі. Сондай-ақ, жалпы құны 50 млн теңге құрайтын 18 жобаның құжаттары «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау» қорының комиссиясында қаралып жатыр. «ҚазАгроКепіл» АҚ құны 112 млн теңге болатын 10 жобаның қаржысын алу жұмыстары жасалуда. Мұнан өзге 7 кәсіпкер құны 226 млн теңге құрайтын жобалары

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Қазалы ауданының әкімі Мұрат Ергешбаев биылғы жылдың бірінші жартыжылдығында атқарған жұмыстар мен алдағы міндеттер жайында кеңінен айтып берді.

бойынша несие алуға қамдануда. «Бастау Бизнес» жобасы бойынша 220 адамды оқыту межеленсе, 240 адам тіркелген. Қазір 119 қатысушы оқу курсын аяқтап, 87-сі жобаларын қорғады. Ал, «Бизнес Кеңесші» жобасы бойынша 249 адам оқу курсын тәмамдаған. Ауданда жаңа жұмыс орындарын көптеп ашу мақсатында «Өндірістік аймақта» құны 172 млн теңгені құрайтын 8 жобаның жұмысы жүргізілуде. Бүгінгі күні оның 4-і іске қосылып, 36 жаңа жұмыс орны ашылған. «Қазалы Керуен» Біріккен Кәсіпорны» ЖШС-на Әйтеке би кентінен 2,5 гектар жер учаскесі беріліп, қалааралық автовокзал құрылысы салынды. Енді сауда орындары ашылып, ішкі инженерлік жұмыстары пысықталуда. Ауданда құс фермасын ашуға инвестормен келісім жасалған. Орналасатын аумағы белгіленіп, жақын арада құс фермасының құрылысы басталмақ. «Батыс Еуропа-Батыс-Қытай» халықаралық транзиттік жолы бойында 5 сервистік қызмет көрсету нысаны салынуда. Биыл «Мирас» және «Арзан сити» кешендері ел игілігіне берілді. Қалған 3 жоба бойынша құрылыс жұмыстары басталды. Өзге өңірлерде кәсіп етіп жүрген жерлестерді салық төлеуші ретінде тіркеу жұмыстары қолға алынған. Жыл аяғына дейін кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы атқарылатын жұмыстардың нәтижесінде құны 2 млрд теңгеге жуық жобалар қаржыландырылып, 900 жаңа жұмыс орнын ашу көзделуде.

Ауданда ауылшаруашылық саласын дамытуға 6 айда тартылған инвестиция көлемі 13 млн теңгені құрайды. Есепті кезеңде 2,8 млрд теңге көлемінде өнім өндіріліп, 698 млн теңге субсидия төленген. Биыл 17790 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілген. Өткен жылмен салыстырғанда 435 гектарға артық. Бастысы ауданда осы жылы әртараптандыру бағытындағы дақылдардың егіс көлемін ұлғайтуға ерекше мән берілді. Айталық, алғаш рет «Рза-Агро» ЖШС малазықтық дақылдар ексе, «Сыр маржаны» ЖШС – 20 және жеке тұрғындар 280 гектар жерге картоп өсірді. Тағы бір шаруа қожалығы 5 гектар жерде жеміс- жидек бағын баптауда. Өткен жылы 552 тонна бау-бақша өнімі экспортқа шығарылса, биыл 600 тоннаға жеткізбек. Қазір аудан меншігінде 1 млн 556 мың гектар ауыл шаруашылығы мақсатында жер бар. Ауданда мал саны өскен. Мемлекеттік бағдарламалар нәтижесінде шаруалар мал басын көбейтіп, асылдандыру мен ет бағытында да жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Қазалыда балық шаруашылығын қалпына келтіру жұмыстары жалғасын тауып келеді. Қазір 19 су айдынындағы 21 учаскеде 20 балық аулау бригадасы бар. Жыл басынан бері 640 тонна балық өңделген. Тағы төрт көлден балық ауланбақ. Сонымен бірге ауданда тұрғындардың жеке тұрғын үй салу үшін жер учаскесін бөлу жөніндегі ұсыныстары көбейген. Мәселені шешу үшін 5 жаңа қоныстану аймағы игеріліп жатыр. Тұрғын үйге мұқтаж 600-ден астам адам кезек күтуде. Жыл басынан бері 13 мың шаршы метр жеке тұрғын үй құрылысы салынған. Күн тәртібінен түспеген мәселенің бірі –ауыз су. Аудандағы барлық ауылға таза су тартылған. Бұл – жағымды жаңалық. Мұндағы аудан халқы көгілдір отынның игілігін көруде. Мәселен, Әйтеке би кентіндегі тұрғын үйлердің 65 проценті газға қосылған.

Брифингте аудан әкімі денсаулық, білім, құрылыс, спорт, мәдениет салаларында атқарылып жатқан жұмыстарды кеңінен айтып өтті. Сондай-ақ, әлеуметтік қолдау, жұмыспен қамту, жастар саясаты, автомобиль жолдары, абаттандыру бағытындағы жұмыстарды да баяндады.

Аудан әкімінің есебін тыңдап отырып барлық салада өсім барын байқадық. Ауданда апатты мектеп жоқ. Жаңа аурухана пайдалануға беріліп, заманауи медициналық аппараттар алынған. Ана өлімі тіркелмеген. Спорт алаңдары мен кешендері салынып, денешынықтырумен айналысатын жастар қатары көбейген. Дегенде, шешімін таппаған мәселелер де бар. Бұл бағытта нақты шаралар атқарылып жатқанын білдік.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы».

САПА – БАСТЫ СҰРАНЫСТА

Өңірлік коммуникациялар қызметінде техникалық реттеу және метрология комитетінің облыс бойынша департамент басшысы Ерқанат Кеулімжаевтың қатысуымен брифинг өтті. Онда аталған салада I жартыжылдықта атқарылған жұмыстар сараланды.

Сала басшысының айтуынша, жыл басынан бері 18 іріктеу тексерулер жүргізілген. Оның 11-де заң бұзушылықтар анықталып, бұл барлық тексерулердің 61,1 процентін құрап отыр. Тексеру қорытындысы бойынша 83 дана өлшем құралдарын пайдалануға тыйым салу жөнінде 11 ұйғарымдар берілген.

– Биыл жоспарға сай департамент мамандарымен аймақтағы тауар өндіруші және қызмет көрсетуші кәсіпорындарда, ірі сауда орталықтары мен базарларда, облыстың барлық аудандарында сапа менеджмент жүйесін енгізу, техникалық реттеу және метрология жүйесі талаптары мен өнімдерді каталогтау бойынша түрлі іс-шаралар жүргізілді. Өнімдерді каталогтау жүйесіне енгізу ұдайы күн тәртібінде. Осыған сәйкес, облыс кәсіпорындары шығарған 107 түрлі өнім осы жүйеге енді, – деді Е.Бозқұланұлы.

Бүгінде халықаралық сапа менеджмент жүйесін өндірістеріне енгізген кәсіпорындар бойынша аймақта 466 мекеме мен кәсіпорынға халықаралық стандарттар сапа менеджменті жүйесі енгізілсе, экологиялық стандарттар алу үшін 181, кәсіби қауіпсіздік және еңбек қорғау менеджмент жүйесіне – 62, энергоменеджментке – 3, азық-түлік өнімдері қауіпсіздігі – менеджмент жүйесіне 8 мекеме енгізілген. Ал, Еуразиялық экономикалық комиссияның шешімімен Кеден одағы аясында қабылданып күшіне енген 37 техникалық регламент талаптарының сақталу ережесіне сай 21 сынақ орталығы мен зертхананың, 14 метрологиялық зертхананың және 1 сәйкестікті растау органының жұмыстары зерделенген. Сондай-ақ, 14 кәсіпорын мен облыс орталығындағы сауда үйлер және сауда базарларында кәсіпорындардан түскен техникалық реттеу саласының заңнама талаптары және проблемалық сұрақтар қарастырылып, уәкілетті органдарға ұсыныстар енгізу бағытында жұмыстар атқарылуда.

Саладағы басты жаңалық – мекеме жанынан кеңейтілген сынақ

зертханасының ашылуы. Құрылыс өнімдерінің сапасын анықтайтын орталықта құрылыс өнімінің 23 түрі сынақтан өткізіліп, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Айта кету керек, мекеме алдағы уақытта азық-түлік пен өндіріс орындарының өнімдерін де тексерістен өткізетін болады.

М.ОТАРАЛЫ.

QURMET

БИІКТІК

(ОЧЕРК)

I.

Биіктік. Очеркімді осылай атауымның басты себебі – кейіпкерімнің замандастарының арасында еңбекке араласқан күннен бастап, зейнеткерлік өмір кешіп келе жатқан бүгінге дейінгі уақыт аралығында қай қырынан алып қарағанда да өзінің өзгеше биіктігін сақтап келетіні.

Ол жайлы маған дейін талай авторлар жазды да, жазып та жүр. Өлең жолдары да арналды. Солардың бірі ретінде ақын ініміз Балғабай Имашев:

Сұлу Сырдың құндағы бауырында,
Ел жайлаған «Еңбектің» қауымында.
Сіз келгенде өмірге Сәмит аға,
Той болыпты «Ынтымақ» ауылында.
Несібесі өрледі жас баланың,
«Шағанннан» бастау алды бақ-талабың,
Қонекеңнің тәлімін алып өстің,
Ел-жұрттың таба біліп қас-қабағын.
Сабырлы, салиқалы, салмақтысың,
Сыр еліне қадірлі ардақтысың,
Адамдық қасиетің үлгі тұтар,
Жинапсыз бойыңызға бар жақсысын, – деп жырға қосқан еді.

Енді оның өнегелі еңбек жолын айтпастан бұрын, оқырман қауымға өмірбаянымен таныстырайын:

Сәмит Далдабаев 1938 жылы Жалағаш ауданы «Аққошқар» ауылында дүниеге келген. 1961 жылы Алматы қаласындағы зоотехникалық-мал дәрігерлік институтын, 1978 жылы Жоғары партия мектебін сырттай бітірген.

Еңбек жолын 1961 жылы Тереңөзек ауданындағы «Тереңөзек» совхозында бас малдәрігері болып бастаған. Бұл қызметте 1964 жылға дейін болды.

1964-1965 жылдары аудандық малдәрігерлік станцияның бастығы, 1965-1970 жылдары Сырдария және Тереңөзек аудандық Советі атқару комитеті председателінің бірінші орынбасары, 1970-1974 жылдары Тереңөзек аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, 1974 жылдың маусым айынан бастап 1975 жылдың мамыр айына дейін Жалағаш аудандық партия комитетінің екінші секретарі, 1975 жылдың мамыр айынан 1979 жылдың желтоқсан айына дейін Сырдария аудандық Советі атқару комитетінің председателі, 1980 жылдан 1983 жылға дейін Жаңақорған аудандық Советі атқару комитетінің председателі, 1989 жылға дейін Жаңақорған аудандық партия комитетінің бірінші секретарі болып қызметтер атқарған.

1989-1992 жылдары облыстық партия комитетінің секретарі, облыстық Советінің кеңесшісі, облыстық Советі атқару комитеті председателінің бірінші орынбасары қызметтерінде болған.

1992-1997 жылдары Жалағаш ауданының әкімі, 1997-2003 жылдары Облыстық тәртіптік кеңестің төрағасы.

Нәтижелі еңбегі үшін 1973 жылы Қазақ ССР-нің ауыл шаруашылығына еңбегі сіңген қызметкері атанса, 1998 жылы Елбасының Жарлығымен «Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қызметкер» деген құрметке ие болды.

Сонымен қатар ол 30 жыл үзіліссіз Тереңөзек, Жалағаш, Сырдария, Жаңақорған аудандық Советтерінің депутаты және аудандық партия комитеттерінің пленум мүшесі, 20 жыл облыстық Советтің депутаты және Облыстық партия комитетінің мүшесі болған.

Осы жылдар ішінде «Құрмет белгісі», «Халықтар достығы» ордендері мен Совет одағының және Тәуелсіз еліміздің бірнеше медальдарымен, Құрмет грамоталарымен марапатталған.

II.

Хош, сонымен Сәкең, Сәмит Далдабаев бүкіл саналы өмірін өзінің туып-өскен Сыр өңірінің өркендеуіне, экономикасының қарқын алуына, халықтың мәдени-тұрмыстық жағдайының жақсаруына арнаған, сол үшін уақыт, заман талабына сай үнемі биіктен көріну бағытында еңбек еткен азамат екенін білеміз.

Көпшілік қауым оны абырой асқарындағы азамат дейді. Ол – халықтың берген бағасы. Мұндай баға алу жайдан-жай бола қоймайтындығы белгілі. Осы жолда қаншама тер төгілді, табанды еңбек жасалды. Ол еңбексүйгіштікті үнемі жетілдіріп отырудың, ұйымдастырушылық қабілетін өмір талабына сай арттырудың, өмір академиясын меңгерудің, ізденімпаздықтың, еңбек баспалдақтарынан шалыс баспай, сүрінбей өтудің жолындағы аса жауапкершілікпен жасалған еңбектері еді.

Ол басшылық жұмысқа институтты бітірген бойдан араласты. Басқалардай жай араласқан жоқ, адамдарды тану, елмен танысу, жақсы мен жаманды көру, басшылардан тәлім алу, көрген-білгендерін ойға түю сынды өмірлік тәжірибелерді жадында сақтай білді. Сейтіп өмір мектебінен үйренуден, зерделеуден, қоғамға үлес қосудан жалықпады, әр адам өмірге парызы мен қарызын арқалап келетіндігін әсте естен шығармады.

III.

Өткен күнге көз жіберсең, талай оқиғалар еріксіз еске түседі екен. Мен өз басым он бір жылдай Қонысбек Қазантаевтың қарауында қызметтес болғанымды өз алдына бір тарих десем болады. Ол жайлы «Қазантаев мектебі» атты естелік кітап жазғаныма оқырман қауым куә. Одан кейін де аудан басқарған біраз азаматтармен қызметтес болдым.

Солардың ішінде Сәкеңді, Сәмит Далдабаевты айрықша атауға тура келеді. Сәкең – «Қазантаев мектебінен» шыққан облысқа, айта берсек, республикаға танымал басшылық қызметте, биік белестерден іркілмей өткен кадрлардың бірі.

Қандай дәрежеге көтеріліп, абыройға бөленсе де аспады, таспады. Менмендік жасамады, өмірден көргені мен білгенін өмірдің өзіне жарата білді. Жақсыларға жақын жүрді. Әсіресе, ел басқарған алдыңғы буын ағалар Исатай Әбдікәрімов, Тәкей Есетов, Зейнулла Жарқынбаев, Әбжәми Байшуақов, Ахметжан Жанпейісов, Гафур Мұхамеджанов, Еламан Жүнісбаев, Елеу Көшербаев сынды тұлғалардың жүріп өткен еңбек жолдарынан тәлім алды. «Сол ел басқарған ағалары жайлы олардың қалың көпшілікпен, жалпы халықпен өзара сыйласу мәдениеті, шуақты әзіл-қалжыңдары, байсалды әңгімелері, қызмет бабындағы әдептері, елге сіңірген адал еңбектері, қайраткерлік қызметтері әліге дейін ел арасында, әсіресе, жастарға үлгі-өнеге ретінде айтылып келеді», – деп еске алады Сәкең. Сондай-ақ, өзінің де жүріп өткен еңбек жолының артында із қалдыруды есінен шығармады. Бұл да болса көрегенділіктің белгісі еді.

«Жауаптымын кешеге де бүгінге,
Өткен өтті, кеткен кетті» демеймін.
Жауаптымын өзім сүрген өмірге,

Айтқан сөзін сыбағасыз өгейдің, – деп Әбділда ақын айтқандай, Сәкең қай кезде де, қандай қызметте жүрседе, алдына өзім сүрген өмірге жауаптымын деген мақсатты берік ұстаған азамат. Оған дәлел – қандай қызметте болғанда да аяғын шалыс баспаған, соның арқасында өз биігінен аласармаған азамат. Қай ауданда жұмыс жасаса да абырой биігінде болды. Елді сыйлады, ел оны сыйлады.

Соның бір жарқын көрінісі Жаңақорған ауданының «Құрметті азаматы» атануы. Иә, «Құрметті азамат» атағы бекерге берілмейтіні баршаға аян. Ендеше оның қысқаша тарихына шолу жасап көрейік.

Сәкең 1980-1989 жылдары әуелі Жаңақорған аудандық Кеңесі атқару комитетінің төрағасы, сосын үзбестен алты жылдан астам аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет атқарды. Ауданды басқарған бұл кезең шаруашылықтарының, әсіресе егін шаруашылығының шалқыған, еңбектің тай қазаны қайнаған, еңбек туының биікке көтерілген жылдары болды.

Жасыратыны жоқ, бұған дейінгі мерзімде аудан күріш дақылынан өнім алуды, оны мемлекетке тапсыру жөніндегі халық шаруашылық жоспарларын орындауда қолда бар мүмкіндіктерден төмен жағдайда болып келген еді.

«Сабақты ине сәтімен» демекші, ауданды Сәкең басқарған жылдары шаруашылықтың қай саласы болмасын ілгері басты. Әсіресе, күріш егісі саласындағы жетістіктер мемлекеттік жоспарлармен социалистік міндеттемелердің жыл сайын артығымен орындалуына қол жеткізді. Ауданның экономикасы мен мәдениеті арта түсті. Өнеркәсіп пен өндіріс, құрылыс салаларында да бірталай оң өзгерістер орын алды. Сол үшін де Жаңақорған ауданының үлкенді-кішілі азаматтары Сәмит Далдабаевтың есімін ерекше ілтипатпен атайды. Мұны осы ауданға жолымыз түсіп барғанда ел ағаларының өз ауыздарынан естіп, ерекше ықыластарын сезінген едік.

«Халық айтса, қалт айтпайды» деген, өйткені тізгін тартып атқа мінгелі Сыр елінің көз алдында келетін Сәкеңнің үлкенмен де, кішімен де тез тіл табысатынына басшыға тән парасаттылығына дән риза боласың.

Адам баласы өмір сапарында алуан түрлі жандармен жолығады, сырласады, сыйласады, тіптен кейде жауласады да. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында өмірге сүйініп те, күйініп те үлгереді.

Мұхтар Әуезов: «Мен адамдарды екі түрлі болады деп ойлаймын. Олардың бірі айналасына нұр сәуле шашып, ал екінші біреулері түн-түнек орнатып жүреді», – дейді екен.

Демек, Сәмит Далдабаевты жаны жайсаң, айналасына сыйлы тұлға деп таныған жұрттың бағалауына біз де қосыламыз.

IV.

Еліміз егемендік алғаннан кейін өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанды. Салт-дәстүрімізді өмірге қайта келтіру, өшірілген тарих беттерін қайтадан жаңғырту мәселелері қолға алына бастады. Бұл тұста да Сәкеңнің еңбегі, жасаған қызметі айтып жүретіндей дәрежеде болды. Соның бір мысалы, Бұқарбай батырдың туғанына 180 жыл толу тойындағы ел тұлғаларының сөзі еді. Тойға дайындық қызу жүргізілді. Бүкіл аудан халқы жұмылды. Жалағаш поселкесінің басты көшелері асфальттанып, орталық алаңы күрделі жөндеуден өтті. Той 1993 жылдың тамыз айында үш күнге созылды. Облыс аудандарымен қатар, сонау Алматыдан да белгілі-белгілі қонақтар шақырылғанды. Солардың ішінде, халық ақыны Әбділда Тәжібаев пен академик Мұхамеджан Қаратаев және қазақтың белгілі өнер зерттеушісі Мардан Байділдаевтан жастары жағынан да, атақ-даңқы жағынан да үлкендері жоқ еді.

Сонда аудан әкімі Сәмит Далдабаев:

– Шәке, үш ағаңа өзің қамқорлық жасайтын болыңыз, – деп тапсырды.

Сонымен сол жылдың 20-21 тамыз күндері ардақты ағаларымыз біздің құрметті қонағымыз болды. Сол екі күн ішінде ағаларымызға сәлем беруге келген ауыл азаматтарынан үйіміз бір сәт босаған жоқ.

Осындай бір сәттерде Әбділда ағамыз:

– Ел деген осындай болады. Ата-бабадан қалған дәстүрдің пұшпағы ғой бұл, – деп Мұқаңа, Мұхамеджан Қаратаев ағамызға қарады. Әңгімеге Мардан Байділдаев ағамыз араласты:

– Бұл сәлем беруге келген жігіттердің барлығы да Қонекеңнің қадірлері ғой, Әбеке, – деді ол.

– Одан да «Қазантаев мектебінің» тұлектері десеңізші, – деп Әбекең әңгімесін одан әрі жалғастыра түсті.

– Мұқа, – деді ол, – осы ауданды Қонысбек деген ініміз он жыл басқарды, оған дейін мынау іргелес жатқан Тереңөзек ауданын он екі жыл басқарды. Қай ауданға барса да, жарыстың алдын бермеді. Қазақстанның барлық облыстарында болып, талай аудандық партия комитеттерінің хатшыларымен кездескенім бар. Бірақ, Қонысбектей публицист хатшыны көрген емеспін.

Үнсіз отырған Мұқаң:

– Публицист дедің ғой.., – деп «арғыжағын жетілдірмейсің бе?» дегендей сыңай аңғартты.

Әбекең одан әрі:

– Иә, Мұқа, солай ол өзі жазудың жолына түспеген, барлық күш-жігерін ел басқаруға жұмсаған. Ал, оның сөйлеген сөздерінен публицистиканың иісі шығып тұратын. Қазір зейнеткерлік демалыста. Қызылорда қаласында тұрады. Жол түссе, іниме соғып, денсаулық-жағдайын білсем бе деген ойым бар, – деп Қонекеңнің науқастанып жүргеніне дейін айтып, ол жөнінде бірталай жылы лебізін білдірді.

Сонымен бірге Әбділда ағамыз арасында бізге қызмет жасап жүрген аудан әкімі және бірқатар азаматтар Қонысбектің шәкірттері, «Қазантаев мектебінің» тұлектері деп те қойды. Бұл менің өткен өмірімнің қымбат шақтарынан есте сақталған бір көрініс болатын.

Мінезге бай, сабырлы да байсалды, танымы терең, көрегенділігі басым Сәкең қандай да болмасын күрделі мәселені шешуде қалың жұртпен ақылдасуды естен шығармайтын. «Көппен бірге болсаң қателікке жол берілмейді» дейтін.

Ауданды басқарған 1992-1997 жылдар нарықтық экономиканың өмірге енген, совхоздар тарап, шаруашылықтың жаңа түрлері келген, бірақ, әлі қалыптасып болмаған мезгілі-тұғын. Сол сияқты көлік, өнеркәсіп орындары да таратылып, қайта құрыла бастаған, қоғамдық малмүлік жекешелендірілуге айналған кезі еді. Оны адамдардың бірі түсінсе, енді бірі бұрынғы ойдан, түсініктен әлі арылып болмаған кездері еді.

Алайда уақыт, қоғам кідіруді қаламады, қалай болғанда да нарықтың негізгі заңы өмірге ену керек болды. Бір сөзбен айтқанда, бұл бағыттағы кездескен барлық қиыншылықтарды іс жүзінде талдай, сараптай отырып, оны дұрыс жолға салуда, жекешелендіру жұмысын заң талаптарына сай іске асыруда Сәмит Далдабаев барлық құзырлы орындардың жауапты қадрларымен ақылдаса, бірлесе отырып шешіп, ауданды қиын кезеңнен, жаңа нарықтық кезеңге көшіріп алып шыққанына ел, халық куә. Бұл өзі кімнің де болса естерінде ұзақ уақыт сақталатын жылдар болды.

Әліге дейін елдің есінде сақталған тағы бір жағдай, Сырдария өзені тасыған сайын, М.Шәменов ауылын су алып кету қаупі төнетін. Бұл қиындықтан құтылудың жолын іздеген аудан басшысы мамандармен ақылдаса отырып, дарияның қауіпті тұсы аудан мекемелерінің техникаларының күшімен бөгеліп, дария тура ағатын арна қазылып, өзен арнасы М.Шәменов ауылынан екі шақырымдай жерге қашықтаған еді.

Сол уақыттың қиын-қыстау кезеңінде батыл шешім жасаған аудан басшысына риза болған ауыл адамдары жаңа арнаға «Сәмит арнасы» деген атау берді. Бүгінде Сырдария өзені сол арнамен ағып жатыр, ауыл тұсы қауіпсіз.

Сайып келгенде, осының бәрі оның ұйымдастырушылық қабілеті мол, алдын ала болжай білетін, тереңнен тыныс алатын іскер басшы болғандығын көрсетеді.

Жалпы қарапайым халықпен араласуға, олардың мұң-мұқтажын біліп отыруға, мүмкіндігінше мәселе шешімін тапқанша назарда ұстауға Сәкең аудан басшысы ретінде аса ыждағаттылықпен қарайтын. Тіпті, жеке шаңырақтардың бастарында болып жатқан қуаныштары мен реніштерін де біліп отыратын. Оларды қалт жібермей, жұмыс арасында уақыт тауып барып, ортақтасып көңіл білдіретін. Мұндай қарапайым адамдармен араласу басшының халық арасындағы беделін көтермесе төмендетпейтіні белгілі.

Әр адам басынан сан тарау өмір жолын өткізеді. Қай жолға түссе де Сәкең жолы болған азамат.

Қандай қызметте болса да, уақытында лайықты бағасын алды, зейнеткерлік өмірді де мәнді өткізіп келеді.

Шыңғыс АЙБОСЫНОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

BILIM

ЖАҢАШЫЛДЫҚТЫҢ ЖАРҚЫН ИГІЛІГІ

«2017-2018 оқу жылындағы ҰБТ қорытындысы бойынша Арал ауданының білім саласы Қызылорда қаласы мен аудандар арасында үшінші орын иеленді», – дейді біздегі деректе.

Айтуға оңай. Ал осынау екінің бірінің қолы жетпейтін жетістікті бағындыру үшін Арал аудандық білім бөлімінің басшысы Санира Жанназаровадан бастап мұғалімдер қауымының қаншама тер төккенін мойындауға тура келеді. Жұдырықтай жұмылған ауызбіршіліктің, тегеурінді талап, жаңаша ізденіс – атқарылған нақты шаралардың жемісі. Осы мақсатта «Қамбаш» балаларды сауықтыру және қосымша білім беру орталығында жүргізілген дайындық курсына оқушылар қамтылып, оларға ауданның озат тәжірибелі де білікті мұғалімдері дәріс берді.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың қолдауымен мектеп бітірушілерді ҰБТ-ға дайындауға қомақты қаржы бөлінгендігіне көпшіліктің ризашылығы ерекше екендігін айта кету керек. Оған қоса, бюджет есебінен оқушылар тегін дайындық курсынан өткізіліпті. Дайындық курстарының біріне Астана қаласындағы республикалық «KAZBILIM» орталығы мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінен есімдері баршаға мәлім жоғары санатты педагог мамандар мен ғылыми қызметкерлердің шақырылуы да сабақты иненің сәтімен боларын еске түсіреді. Педагог, ағартушы Жүсіпбек Аймауытовтың «Баланың ынтасын тарту үшін, оқытатын нәрседе бір жаңалық болуы керек» деген даналық сөзі бар. Осы бағытта Арал ауданы білім саласының басшылары педагог мамандардың кәсіби деңгейін ұдайы көтеріп отыруды, теориялық білімі мен әдістемелік біліктілігін үздіксіз жетілдіруді, шығармашылық жұмыстарына демеу жасауды тұрақты назарда ұстайды. Қорытындысы ауыз толтыра айтуға лайықты екенін саланың жетістігі анық дәлелдейді. Жаңаша мазмұндағы оқыту бағдарламасымен соңғы жылдарда көптеген мұғалім мен барша мектеп директоры, оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары толықтай курстан өткізілген. Аудан бойынша оқытудың жаңашыл әдістемелерін мектеп практикасына ендіру барысында бірнеше тірек мектептері жұмыс жасап, белгіленген магниттік мектептермен тәжірибе алмасу ұйымдастырылған. Жаратылыстану бағытындағы физика, химия, биология, информатика пәндерін ағылшын тілінде оқыту мақсатында мұғалімдердің бір тобы «Назарбаев Университеті», «Назарбаев зияткерлік мектептері», «Ustaz professional development centre» оқу орталығы, «Өрлеу» базасы тәрізді оқу орталықтарында әлденеше мәрте біліктілік арттыру курстарынан өтті. Бастамашыл мұғалімдермен Астанадағы «Ұстаз» орталығы көмек-кеңестерін беріп отырады. Аудандағы кең жолақты интернет, локалды жүйесі бар мектептердің электронды құжат айналымына көшуі де тың жаңалықтың бірі. Бұл қадам саланы қағазбастылықтан арылту мақсатында құжаттарды электронды форматта толтырады. Тағы бір сүйсінерлік жайт, ата-ана әлеуметтік желілерде енгізілген қосымшаға тіркелу арқылы мектепке бармай-ақ баласының оқу үлгерімін, сабаққа қатысуын қадағалай алады. Мұндай игі іс алдағы оқу жылында жалғасын тауып, аталған жүйеге толықтай көшу көзделуде.

Аралдық ұстаздар жаңашылдық үрдісін дамытуға сергек қарайды. Мұның өзі оқушылардың республикалық, халықаралық танымдық сайыстарға қатысып, жүлделі орындардан көрінуіне септігін тигізуде. Облыстық «Сыр дарыны» білімділер академиясына қамту жұмыстары да қарқынды. Сондай-ақ, оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында ұйымдастырылған мектептен тыс мекемелердегі үйірме шараларына қатысушылар уақыт санап арта түсуде. Аманөткел елді мекеніндегі бос тұрған ғимаратты бейімдеп, аудандық Өнер мектебінің филиалының ашылуы, домбыра сыныбына балалар қабылданып, жұмысын бастап кетуі – жағымды жаңалықтың бірі. Ал №262 мектеп-гимназия базасындағы балалардың шығармашылық орталығындағы бейнелеу, шахмат, спорттық қозғалыстың жас инспекторы, жас техник, жас натуралистер үйірмесіне, спорттық секцияға қатысушылар саны көбейе түскен.

Мектеп басшыларын лауазымдық қызметке тағайындау барысында айтарлықтай өзгерістер барын естігенде, елең ете түскенмін. Әрі мұның себебі де бар. Осынау лауазым иелері мемлекеттік қызметкерлердің лауазымымен теңестірілгені көзіқарақтыларға етене мәлім. Соған орай мектеп директорларының да жауапкершілігі еселене түседі. Қызметке тағайындалған директор өзінің тұрғылықты мекен-жайын мектептің орналасқан тұрағымен сәйкестендіріп, өзгертуі тиіс болады. Бұл әрбір мектеп директорының сол ауылдың тыныс-тіршілігімен тығыз араласып, жырақтағы отбасының жайына алаңдауына әкелетін себептерді тоқтатуға (яғни аудан орталығынан елді мекенге қатынамайды) негіз болатын оң шешім екені дау туындатпаса керек. Өзім білген қарапайым да маңызды мәселе қаншама мәрте қозғалса да тоқтау болмай, бірнеше жылдан бері қалаға, ауылдарға аудан орталығынан қатынап жұмыс жасап жүрген аудандағы кейбір басшылардың тірлігін есіме түсіргенін, несіне жасырайын?!.

Үштілділікті жүзеге асыру мақсатында ағылшын тілінде пәндерді оқытатын сыныптар ашу қолға алынуда. Алдағы оқу жылынан бастап аудан мектептері «Электрондық күнделік» жүйесімен толық қамтылады. Сонымен қатар көптеген білім ордалары «Білімлэнд» виртуалды оқыту платформасымен онлайн және оффлайн негізінде жұмыс жасайтын болады.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
«Сыр бойы».
Арал ауданы.

БАЛА ТӘРБИЕСІ – БАСТЫ НАЗАРДА

Е.Әуелбеков атындағы №4 облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернатында тамыз конференциясының аясында педагогикалық қауымдастықтың «Тәрбие берудің тұжырымдамалық негізіне сәйкес жалпы білім беретін мектепте тәрбие үрдісін ұйымдастырудың заманауи тәсілдері» атты секциялық отырыс өтті.

Онда 2018-2019 жылдарға арналған жаңа әлеуметтік маңызы бар жобалар, мектептердегі оқу үрдісін ұйымдастырудың ерекшеліктеріне негізделген міндеттерді орындау жолдары мен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде атқарылатын жұмыстар талқыланды. Педагогикалық кеңес бес бағыт бойынша ұйымдастырылып, оған ардагер мұғалімдер, мектеп директорының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасарлары, педагог-психологтар, сынып жетекшілері, ата-ана комитетінің мүшелері қатысты.

– Бүгінгі күні білім басқармасының ұйытқы болуымен жаңа оқу жылы қарсаңында тәрбие саласында үлкен жұмыс жүруде. Биыл бес секцияға ерекше мән берілуде. Секция жұмыстарына байланысты басты жаңалықтардың бірі – 2018-2020 жылдарға арналған тәрбиенің жалпы тұжырымдамалық негіздерін іске асыратын іс-шара жоспары бекітілді, – деді облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Ақзира Қасымова.

Мұнан соң бала тәрбиесі, олардың арасында болатын зорлық-зомбылықтың алдын алу, жасөспірімдер арасындағы қылмысты азайту, оқушыларға жан-жақты тәрбие беру турасында баса айтты. Құқық бұзушылық, балалардың зорлық-зомбылыққа ұшырауы секілді оқиғалар қолайсыз отбасыларда туындап жатқандықтан, арнайы электронды база жасалған. Онда балалардың ата-аналары жайлы барлық мәліметтер орналастырылып, балалар ұдайы бақылауда болмақ. Оған қоса бұл база сала аралық байланыста болады. Балаларға әлеуметтік, денсаулық, төтенше жағдай салаларының араласуымен жан-жақты тәрбие беріліп, жақсы бағытта өсуіне ықпал етеді. Қазіргі таңда аталған саланың мамандары лекциялар оқып, тренингтер өткізуде. Алдағы уақытта әкелер кеңесі мен ата-аналар университеті құрылмақ.

Жиында осы секілді ауқымды мәселелер кеңінен талқыланып, атқарылатын жұмыстар легі түзілді. Сонымен қатар, ұсынымдар қабылданып, үздік оқушылар облыс әкімінің және білім басқармасының алғыс хаттарымен марапатталды.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
“Сыр бойы”.

MEMLEKETTIK SYILYQQA USYNYLǴAN SHYǴARMALAR

«Ақын» деген атаудың өзі «ағын» деген ұғыммен астасады дейді сөзгерлеріміз. Мен осы айтушының шындығына шек келтірмеймін. ҚР еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының, Абай атындағы Ұлт сыйлығының лауреаты, Ресей Жазушылар ұйымының С.Есенин атындағы алтын медаль иегері, ақын Ғалым Жайлыбайдың 2016 жылы «Фолиант» баспасынан жарық көрген «Есіл ағады» өлеңдер жинағын оқып шыққан соң да осы ойым беки түсті. Расында, «ақынның» этимологиясын «ахуннан» не «ақ үннен» іздеп әуре болудың қажеті қанша. Ақын, ол – бұрқырап, болмаса есіліп ағып жатқан арналы өзен. Өзенге өмірдің күллі сипаты сыйып тұр. Өзенде жолындағысын бұзып-жаратын өр толқын да, тереңіне тартып әкетер иірім де бар. Ол – тіршілік нәрі, ол – саф тазалық, асқанның ажалы, асылдың алтын сандығы.

ЕСІЛДЕЙ ЕСІП АҚҚАН ЖЫР

Осының бәрі «Есіл ағадының» ішінен ақтарылады.

...Баяғыда Бәкір деген атамыз болған. Қараша үйде отырғанда тақиясы уық пен керегенің қосылған жеріне жетіп тұрады дейді.

Ана ауыл мен мына ауылдың арасындағы төте жол жымында жолбарыс жатады-мыс. Бәкір сол ауылға осы төте жолмен барады екен. Ал, баласы төте жолды айналып өтетін болған. Бір күні намыстанған бала көрші ауылға төтелей тартыпты. Мұны сезген әкесі сұрапты:

– Балам, анау ауылға қай жолмен бардың?

– Төте жолмен.

– Жолбарыс көрдің бе?

– Көрдім. Тұра кеп атылып еді, қылышымды суырдым да қақ бөлдім.

– Астапыралла, о заман да, бұ заман, мысықтың адамға атылғаны несі! Ұрпағым ұсақталайын деген екен. Ол мені көргенде екі аяғына басын қойып жататын еді, – депті сонда Бәкір атамыз.

Сол кісі айтпақшы, соңғы жылдары ұйқасы мазмұнына емес, құрылысына қызмет еткен өлеңдерге жиі жолығып, «поэзия ұсақталып бара жатқан жоқ па?» деп жаға ұстаған кездеріміз болған.

Енді ол ойдан бас тарттық, жинақты бас алмай оқидық.

Өлең кітаптың тұтас тұлғасы еліміздің тәуелсіздікке жету жолындағы тайғақ кешулерді, адамзаттың рух болмысындағы асыл қасиеттерді айшықтаған. Сонымен бірге оның өн-бойынан бүгінгі күнге деген шаттық сезімі шашылып жатыр.

Партия, Отан деп ұрандамай-ақ ұлтын, елін, жерін сүюдің символын паш етеді. «Ғалым – бүгінгі қазақ лирикасының жаңа беті» – депті академик Серік Қирабаев. Ләббай, ойшылым ойып айтыпты.

Сарыарқа төсіне ертегі елінен көшіп келіп қона қалғандай Астанаға жыр арнамаған ақын кемде-кем қазір. Бірақ, Ғалым ақынның арнауы бір дара, есілген Есілдей.

Жусанының жұпарын жастана жүр,
Жібектей қыз, ақ жейде ақсамал ұл.
Шырайымның шырағы осы шаһар,
Арманыма ар болған Астана бұл...

Сарыарқаның сағымы, самалдары,
Жарасады жаным-ай, саған бәрі.
Ай Астана – Алаштың ақ арманы,
Жарығымсың, сен, менің жанардағы!

Ақын өлеңдерінің дыбыс үйлесімі қандай әсем. «Жусанының жұпарын жастана жүр», «Ай Астана – Алаштың ақ арманы», әр сөздің алғашқы әрпі бір дыбыспен берілген. Мұндай үйлесімді ақынның кез келген өлеңінен табуға болады.

Ақынды ақын ететін ұйқасқан өлең емес, ұштасқан білім мен таным болса керек. Осы тұрғыдан қарағанда Ғалым Жайлыбайдың көп ізденіп, көп оқып, тоқитынын аңғарамыз. Ақынның, біз айтқандай, білімділігі «Түркімен саздары» деп аталатын топтамасынан да танылады.

Иманы – нұр, сабыры – ұлы,
салты – ұлы,
Жанарында найзағайдың жарқылы.
Шырағданын жағып қойған секілді,
Оғыз ханның орда тіккен алты ұлы.

Немесе:

Ақ найзаның ұшындағы,
Оғыз-түрік мұсылманы.
Көне Үргеніш – көне тарих,

Ил-Арслан тұсындағы. – деп келетін өлең жолдарын тамыры бір түркімен тарихын жақсы білетін ақын жаза алар.

Ғалым ақында әріден алсақ Байронның бояуы, «менің поэзиям – менің еркін жаным» дейтін Бальмонт пен Есениннің еркіндігі жатыр.

Мына өлеңі осыған дәлел:

Көйлегіңді кестелеген қай шебер,
Қабақ шытсаң, жұлдыз ағып,
Ай сөнер...
Ақ жүзіңнен арай көрдім, Гүлрайхан,
Топ ішінен қалай көрдім, Гүлрайхан.

Уылжыдың,
Үлбіредің, Гүлрайхан,
Жетер енді,
Бүлдіремін... Гүлрайхан.

Сені көрген бағым ерен, Гүлрайхан,
Ташауызға тағы келем, Гүлрайхан.

Осы өлең туғанда ақынның қандай сезімде болғаны өзіне ғана аян. Расында біз пікір айта алсақ та, ақын лабораториясының құпиясын аша алмаймыз. Мұқағали: «Өлеңді құлағыма біреу сыбырлайды, мен оның көшірушісі ғанамын» деген. Ендеше, біз де Ғалым ақынның өлең жасаудағы өзгеше тәсілдеріне бойлап енуге қауқарсызбыз. Ал, жалпылама алғанда, Ахмет Байтұрсыновша айтсақ, Ғалым – ақында тіл лұғаты, тіл дәлдігі, тіл көрнекілігі деген секілді атрибуттардың төрт көзі түгел. Кейде ақындарымыз «батырлық», «батылдық» «ержүректік» деген секілді мәндес сөздердің әр қайсысының өз алдына өңі, реңі бар екенін айыра алмай, аузына алдымен түскенін қолдана салатын жағдайы болады. Ғалым – әр сөзін қасапшының пышағынан шыққан жіліктей өз табағына сала білетін шебер.

Әлгінде біз «өлең жасау» деген тіркесті айтып қалдық. «Жасау» мен «шығару» да мәндес. Ғалым өлеңді шығаратын өнім санамайды. Ғалым өлең туа білетін дарын, яғни, оның өлеңдері – туынды.

«Есіл ағады» оқырман үшін өткен дәуірдегі кеңестік зорлық, ұжымдастыру, кәмпескелеу, аштық, «халық жауы» деген жаламен азап лагерьлеріне тоғыту, репрессия, «Кіші Октябрь» зұлматы секілді қара таңбалы тарихты жыланның ішін жарғандай ақтарып айтуымен құнды.

Жинаққа «Қара орамал», «Тамакөшкен», «Жалғызқарағай», «Киіккашқан», «Ақ сиса» аталатын бес поэма енгізілген.

Бұл туындылар ақынның эпикалық жанрда да кең құлаш сермейтін қарымдылығын бірден-ақ байқатады.

Кеңестік үкіметтің НКВД лагерьлерінің бас басқармасына қарасты қапастар мен түрмелерде 4 миллионға жуық сотталғандар отырса, олардың 1-1,5 миллионнан астамы «Карлаг» тұтқыны болған. Бұл тарихи дерек «Қара орамал» поэма-реквиемінің беташарында да келтірілген. Осы аймақтағы Қарабас, Қоңыртөбе, Кеңгір, Сарыбел, Шерубай-Нұра секілді жерлердің топырағына сіңген нақақ қанның иісі поэманың өн-бойына бойлаған бүгінгі біздің қолқамызды қауып тұр.

Қарабаста,
Талай тұтқын асылған дар ағашқа,
Талай тұтқын таласқан шамалы асқа,
Талай жендет қан ішкен қара қасқа...

Осы бір жолдарды оқып отырып, осы өлеңнің өзіне үрейлене қарайсың. Білмекке құштар кейінгілер «Карлаг» жайлы мұрағатты ақтармай-ақ, «Карлаг қақпасы» атты ақынның өлеңін оқыса да, балбал тасты жастанған бабаларының кеңестік дәуірдегі қара мылтықтың қарауылы мен керзі етіктің табанындағы тағдырын ой-санасынан көктей өткізер еді.

Сол күннің өксігі мен қасіретін тамыр-тамырына қуалататын «Тамакөшкен» поэмасы тарихи маңызы мен көркемдік сөз қуаты тең түскен туынды.

Кеш бәрін,
аспандағы ай,
кештің бе, оны,
Бұл ғұмыр – жалғыз сәуле бес күндегі.
Кеңесті керемет деп ес білгелі,
Көмескі тартып кетті көштің жолы.

...Бағыда бір атамыз намаз оқып отырса, білте шам астында шұқшиып немересі сабақ оқып жатады.

Жайнамазын жинаған шал немересіне:

– Балам, не істеп жатырсың? – дейді.

– Оқып жатырмын, ата, – деп жауап береді ол.

– Оқы, оқы. Ай, бірақ, балам, сен осы теріс оқып жатқан жоқсың ба? – деген екен сонда атасы.

Сол шалдың айтқаны рас. Теріс оқыдық қой. Байлар елін емес, малын қорғап шет ел асты деп білдік. Олардың ысырат көпірінен өткендей көтеріле көшуі ұрпағы үшін кешкен от екенін бізге оқытқан мектеп жоқ. Халқымызға қасірет әкелген саясаттың сойылшысы болдық. Ұлы санадан ажырадық. Ғалым өлеңі осыны айтып отыр. Шеберлікпен шегелеп, білімділікпен безбендеп берген.

Бір кезде М.Мақатаевтың «Райымбек. Райымбек» поэмасын оқығанбыз. Жандуниеем астаң-кестең болып, төбемнен біреу төпелеп ұрғандай отырып-отырып, ақырында намысымды найзағайға тұтатып, орнымнан атып тұрғам.

Қауқары жоқ қайран жұрт,
қайран халық,
Сайран салып жатушы ең,
жайлау барып.
Опат болып, ақ ордаң ойрандалып.
Қара жауың әкеліп қара қайғы,
Тас уатты-ау төбеңе тайраң қағып.
Аңырауды доғарып, аттан, қазақ,
Алты жасар ұлыңды майданға алып.

Ғ.Жайлыбайдың «Тамакөшкені» де осы туындымен көтерген туы бір дуние. Еңіреисің, сосын ер мінезіңе мініп, түрегелесің!

Таппадым, көш жолынан көңіл емін,
Не деген түкке тұрмас өмір едің.
Бетпақтың бедеу белі бедірейсе,
Елсізде екіндіде еңіредім.

Алланың добы екен ғой, басың, Адам,
Көзіңнің кеппей қалса – жасы жаман.
Тағдырың талапайға түскен сонда,
Таспихтың тасындай боп шашыраған.

Поэмада аштық жылдарындағы қасіретнама шегіне жеткізе жырланған. Мұны жесір Айманның оқиғасынан оқыңыз. Байғұс ана ауру баласын адам етін жеуге бет алған аш-арықтан қорғаштап, Қарасуға батырып жібереді. Баласының сырты адам, іші қасқырдың аузында пәрше-пәрше болып жатқанын көруден ана үшін оның суға батып өлгені әлдеқайда жеңіл еді десек... құлағым керең, көзім соқыр болсын дейтін бір оқиға ғой, бұл. Сорлы ананың онан арғы тағдыры не болды екен?

Жапалаққа айтады жар, құз әнін,
Жел естіді ананың таңғы зарын.
Сонан бері Айманның дерегі жоқ,
Мен де жырға қоспаймын арғы жағын.

Ақын оқырманын бұл қасіреттен осылай алып шығады.

Тауға өрмелеген сайын алдыңнан бірінен бірі биік мұзарт шыңдар шыға береді. Кітаптағы бес поэманың бәсі осындай. Алайда, біз үшін «Ақсисаның» айшығы да айтары бір төбе сияқты.

Бисмилла рахман рахим, ал, бастадым,
Жанымның жарқыратып алдаспанын.
Бар еді бауырым-ай, алда асқарым,
Жалы еді арғымақтың жармасқаным.

Өлеңнің осылай есіліп, көсіліп, тіліңді мүдіртпей, көзіңді сүрінтпей оқылуы ақынның қандай тақырыпқа түссе де түрен салып, жол талғамайтынын танытады. Ақын қай кезде болсын өз өлеңінің ішінде жүреді.

... Ай өтті Жаяу Мұса тас түрмеде,
Таланып қандалаға, аш бүргеге.
– Оязға арыз айтып несі баре ей,
Шығарған өз үкімін, қашқын неме!

Поэма зорлықпен жүргізілген кеңес өкіметінің құрылысы тұсындағы тарих бейнесі мен үстемдікке бас имейтін еркін жанды өнер адамының тағдырын кенезесі кепкен тақырға гүл еккендей суреттеп шыққан. Жаяу Мұса болмысы арқылы өткен дәуірдегі қазақ өмірінің сан қатпары ашылып, жас ұрпақ санасына елшілдік, ермінезділік қасиеттерді дәріптеп сіңіреді, перзенттік парыз сезімін себезгілей құяды. Арқаның табиғатын кесте тоқығандай әсемдікпен көрсетіп, жер-су аттарының сырына бойлатады.

Міне, жинақтап айтқанда, бұл жыр жинағының бағамы да, бағасы да осы бір отаншылдығымен биік.

Сардала жолға айналмай,
сорға айналдың.

... Бетпақта белгісі жоқ бейіттерге,

Әкеме еріп барып қол жайғанмын. – деп Ғалым ақынның өзі айтқандай, «Есіл ағады» бүгін мен ертеңгілерді өткен заманның шындығына бас идіріп, ұрпағының бақыты үшін арпалысып өткен аталарымыздың рухына тағзым жасататын жаңа бір ескерткіш-белгі іспетті.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

АЗАТТЫҒЫМЫЗДЫҢ АЙҒАҒЫ, БОЛАШАҒЫМЫЗДЫҢ БАҒДАРЫ

Адамдар құрған қоғам үшін біртұтас заңның болуы он сегіз мың ғаламға ортақ заңдылық қандай қажет болса, дәл сондай қажет. Кеңістік пен уақыт ішінде ғаламшарлар аса дәлдікпен қозғалады. Егер ай жерге осы күнгі орнынан он метрге жақын тұратын болса, жер жүзін су басып кетеді екен.



Демек, мемлекетті сақтайтын да, дамытатын да – іргесі берік, ізгілігі ерен Заңдар жинағы. Біздің еліміздің өз Конституциясын Ата Заң деп атауы терең ақылға негізделген. Өйткені, қазақ үшін ата сөзі қашан да қадірлі.

XVII-ғасырда қазақ хандығының ыдырау қаупінің тууына байланысты Тәуке хан бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі әдеп-ғұрып заңдарын және өзінен бұрынғы хандардың тұсында қабылданған "Қасым ханның қасқа жолы" мен "Есім ханның ескі жолын" одан әрі жетілдіру арқылы жаңа заң жүйесін жасауға күш салды.

Үш жүздің игі жақсыларымен бірге атақты Төле, Қазыбек, Әйтеке билерді алдырып, Күлтөбенің басында "Тәуке ханның Жеті жарғысы" деген атауға ие болған заңдар жиынтығын қабылдады.

Жеті жарғыға сүйенген қазақ билері ел ішіндегі даужанжалдар мен саяси маңызы бар мәселелерді тиімді шешіп отырды. Жаңа заң жүйесі қазақ халқының өмірлік мәселелерін барлық жағынан қамтыды, соның нәтижесінде Тәуке ханның билік еткен тұсы Қазақ хандығының барынша күшейіп, дәуірлеген кезі болды.

Міне, заңның қоғам үшін қалай қызмет ететінінің бір мысалы.

Конституция осы заманғы мемлекеттіліктің маңызды белгісі, мемлекеттің бастапқы саяси және құқықтық құжаты болып табылады. Қазіргі кезде Парсы шығанағындағы Сауд Арабиясы, Оман секілді кейбір абсолютті монархияларда ғана Конституция жоқ. Мемлекеттің барлық басқа заңдары оның қағидаларына барынша сәйкестендіріле отырып қабылданады. Конституциялық қағидалардың бұзылуы өте елеулі құқық бұзушылық болып табылады.

Егеменді еліміздің алғашқы Конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің IX сессиясында қабылданған болатын. Онда Президентті мемлекет басшысы, қазақ тілін мемлекеттік тіл деп тану, билікті бөлісу принципі, Мемлекет тәуелсіздігі, егемендік, сот органдары және басқа да маңызды мәселелер қамтылғанын жақсы білеміз. Бірақ кеңестік жүйенің қасаң қағидаттарынан толықтай арыла алмаған Конституциямыз уақыт көшіне ілесе алмады. Өркениет талаптарына, қазақстандықтардың мүддесіне сай келетін Ата Заң қажеттігі айқын сезіле бастады.

Халық қалауын басшылыққа ала отырып, Бүкілхалықтық референдум арқылы 1995 жылы 30 тамызда бүгінгі қолданыстағы Ата Заңымыз қабылданды. Конституцияның «Жалпы ережелер» деп аталатын 1-бөлімінде «Қазақстан Республикасының стратегиялық бағыты – демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуетті мемлекет құру» деп атап көрсетілді. Сол бойынша мемлекеттік билік заң шығарушы, атқарушы және сот билігі болып үш тармаққа бөлінді. Президент құзырындағы өкілеттіктердің белгілі бір бөлігі Парламентке беріліп, Президенттік-Парламенттік басқару жүйесі бекітілді.

Еліміздің Ата Заңы адамзат баласының жүздеген жылдар бойы қалыптасқан жалпы құндылықтарын өз бойына сіңірді. Біздің тәуелсіздігіміздің кепіліне айналған Конституция – бабалардың даналығы мен қазіргі заманның рухын бірлестіре үйлестірген, жүзден аса ұлттар мен ұлыстардың теңдігін тегіне қарамастан бекіткен ұлы құжат болды.

Жаңа Конституциямыз да ұлтымыздың ұстынына қарап, алға озған елдердің тәжірибесін де тастамай, дамуымызға кепіл боларлық келбетте жасалған. Бұл жөнінде Президент Н.Назарбаевтың: «Кешегі тарихтан тамыр алған, ертеңгі тарихқа тұғыр болған Ата заңымыз салтанат құрып тұрғанда еліміз толағай табыстарға бөлене бермек» – деген сөзі бар.

Қорыта айтқанда, бүгінгі таңда саясаты салмақты, экономикасы әлді, қорғанысы мығым, келешегі кемел еліміз Ата Заңның аясында өркениетті елдермен терезесі тең мемлекет есебінде жарқын болашаққа қарай нық қадам басып келеді.

Рүстем БЕРКІНБАЕВ,
Жаңақорған аудандық сотының жетекші маманы.

ÓNER

ШЕБЕРДІҢ ЕҢБЕГІ – ҰЛТТЫҢ ҚАЗЫНАСЫ

Қолөнер – ұлттың қазынасы. Онда халықтың үні, тілі, дәстүрі, намысы һәм тарихы сайрап жатыр.

Кезінде халық күнкөріс қажеттілігіне қарай әр алуан бұйым жасады. Ол үшін қаншалықты еңбек етсе, соның арқасында ой-сана жетілді. Тастан, саз балшықтан құралдар, ыдыстар жасады. Кендір, зығыр секілді өсімдіктерден киім, себет, төсеніштер тоқыды. Әртүрлі ағаштардан баспана жасауды, үй ішіне қажетті кебеже, сандық, асадал сияқты жиһаздарын ойлап тапты. Сондай-ақ жүннен киімкешек, кілем, алаша, сырмақ тоқыды. Келе-келе өзі жасаған бойтұмарын әсемдеу үшін бояу және ою түрлерін ойлап тапты. Демек қолөнер – әрбір ұлттың тарихымен сабақтаса дамып келе жатқан халықтық көркем туынды, өнердің өзектісі.

Жалпы қолөнер – шынайы шебердің еңбегі. Темірден түйін түйген қолөнершілер арасында бүгіндегі аралдық Құдайберген Құлмамбетов секілді саусағынан өнер тамған шеберлер халықаралық, республикалық көрмелерге қатысып, ұлттық өнерді дәріптеп жүр. Құдайберген ағаның бұған дейін жасаған бір ғана «Жылан бауыр» білезігі алыс-жақыннан келген шетелдіктердің өзін таңдай қақтырған еді.

Өнерде әркімнің өз қолтаңбасы бар. Сырдария ауданында тұратын кәнігі ағаш шебері Жәнібек Маханбет таланты талайға жеткен нағыз қолөнерші. Сыр талын сиқырлы әлемге айналдырып жіберетін оның жасаған бұйымдарынан ұлттық нақыш, ұлттық бояу, қазақы дәстүрдің ұмыт болып бара жатқан ерекше көріністері ғажайып үйлесіммен үн қатады. Ағаштан жасалған алуан көрініс Сыр елінің тарихы, бай мұрасы, дәстүрі мен мәдениеті көзге көрік беріп, сезім қиялын көкке көтеріп әкетеді.

Бүгінде қолөнер шеберлерінің қатары жаңа есіммен толықты. Соның бірі – қармақшылық жас шебер Самат Өскелеңов. Көздің жауын алатын кәдесыйларды ағаш пен мүйізден жасайды. Қолдың ебі, жүйкенің шыдамдылығы мен шығармашылық қабілетті қажет ететін іске өте сақ әрі ықтиярлықпен қарайды. Әрине, сапалы шығу үшін. Сондықтан болар қолөнершіге тапсырыс берушілер саны артқан. Кәдесыйларының көпшілігі қобызбен үндес. Себебі, жыр өңіріне келген жұртшылықтың осы композицияға сұранысы жоғары.

– Біздің жасаған дүниелер ата-бабаларымыздың жұмыстарынан әлдеқайда төмендеу. Ол кезде қарапайым құралдар арқылы халықтың сұранысын өтеген. Біз тек солардың үлгілерін түрлендіріп, заманға сай жаңғыртудамыз. Ұлттық қолөнер – бабадан қалған мәдени мұраның ең асыл құнды қазынасы. «Өнер көзі халықта» деген, алдымен өнерді халықтан үйреніп, көне мұраны жаңғыртып, ізденіп, іске асыру перзенттік парызымыз, – дейді ол.

Мұнан бөлек, Самат бесік, домбыра және үй жиһаздарына тапсырыстар қабылдайды. Тіпті жиһаздарды жиналмалы үлгіде де жасауға машықтанған.

Ой-сананың ұшқырлығын шебер кестелейтін мұндай қолөнершілер Сыр елінде аз емес. Киіз басу, кілем тоқу, ши, өрмек жасау, тері илеу мен темір, ағаш ұсталығы қанға біткен қасиеттей ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді.

Басы ашық бір нәрсе бар. Қазіргідей дамыған техногенді заманда әлдебір әшекей не темірден жасалған бұйым болмасын адамды тамсандыру таңсық емес. Өйткені, құралдың қуаты күшті, мүмкіндігі зор. Ал көненің көзіндей, табиғи шеберлікпен жасалған бұйым бұқараны елең еткізбей қоймайды. Ол – нағыз өнердің өзі.

Халықта «Киіз кімдікі болса, білек сонікі» деген қанатты сөз бар. Сырдың бойында қалыптасқан жолмен түрлі мерекелерде қолөнер шеберлерінің еңбегін бағалайтын көрмелердің тұрақты өткізіліп тұруы, бұл өнердегі жетістіктің айғағы, дәстүр жалғастығының белгісі. Өйткені, бағалы қазыналардың ел байлығы екенін таныту үлкен міндеттің бірі.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ,
«Сыр бойы».

ҐІВRAT

Қай заманға, қай кезеңге де болсын көз салсақ, ар мен намыс жүгін қайыспай арқалаған, рухы бай, өз өмірін ел-жұртының жарқын болашағы үшін арнаған тұлғалы азаматтардың болатынын көреміз. Сондай айтулы азаматтардың бірі – кешегі Кеңес заманында барша ғұмырын Арал өңірінің мал шаруашылығын өркендетуге арнап, ел қазынасын тасытуда ерен еңбегімен ерекше көзге түсіп, абырой биігінен көріне білген Қуаныш Бердімағанбетов болды десек, артық айтқандық болмас еді.

ЕҢБЕКТІҢ ДАҢҚЫ

Тамырын тереңге жіберген тектілікке қоса өмірден көргені мен түйгені мол, кісіге жасаған қайырымы, кейде жанына жақпайтын істі көрсе, біліп айтар сұңғылалығы да бар абзал азаматтың өткен өмір жолына көз салсақ, бұрылыс-бұралаңы жоқ, төрт құбыласы түгел болды деп те айта алмас едік. Ол жарық дүниеге келіп, жатқанда ел ішін жайлаған ашаршылық зардаптары мен неше түрлі қолдан жасалған қиын-сүргін зұлматтарын сәби жөргегінен-ақ сезіп өсті. Одан кейінгі балалығының базарлы шағы да соғыстың отты жылдарына тұстас келіп көп қиындықтарды басынан кешіріп өсті.

Осылайша қимас күндерін соғыс құрбандығына айналдырған Қуаныш 12 жасында «Орджоникидзе» колхозының малшысы болған әкесі Бердімағанбетке көмекші шопан болып еңбекке ерте араласуына тура келді. Міне, сол кездің өзінде-ақ құрбыластары сияқты алдына сан түрлі арман-мақсат қойған Қуекең өмір сүрген заманының талабына сәйкес, атакәсіп – малшылықты біржолата дұрыс таңдағанын оның былайғы өмірі дәлелдегендей еді. Оның жалындаған жастық жалыны мен бойындағы бар күш-жігерін осы мақсат жолында қандай тосқауыл қамал болса да, бұзып жаруға арнайтындығы келешек өмірінде өзіне демеу беріп, алаңсыз алға ұмтылдырып отырды.

Өткен ғасырдың 50-жылдарының аяқ кезіндегі кеңестік биліктің мал шаруашылығын қарқынды өркендетуге бағыт алған саясатының нәтижесінде Араалдың қыр беткейінде де көптеген ұсақ колхоздар біріктіріліп, бірнеше қой совхоздары құрыла бастады. «Мал шаруашылығы – екпінді майдан» деп жалаулата ұрандатқан аттаныс жылдар бойы мүлгіп жатқан құмды өңірге де үлкен өзгерістер әкеліп, жаңа қарқынмен түлеуіне жол ашты. Ел азаматтары құстың қанаты, аттың тұяғы тозатын құм қойнауындағы жаңа шаруашылықты берекелі мекенге айналдыру үшін барын салды. Осындай күндердің бірінде «Қарақұм» совхозының негізін қалаған іскер ұйымдастырушы Байжан Бижановтың қырағы көзінің мал бағудың қыр-сырын жетік білетін, шаруаға мығым, ісіне ұсынақты Қуанышқа түсуі тегіннен тегін емес. Сол кезден шопанның құтты таяғын қолына алған Қуекең алғаш «Қарақұм», кейін одан бөлініп шыққан «Жіңішкеқұм» совхозының №3 фермасының аға шопаны болып үздіксіз жарты ғасырға жуық тер төгіп, зейнет демалысына шыққанша еңбек етті.

«Мал баққанға бітеді» дегендей, өзінің туабітті еңбекқорлығы мен жауапкершілігі арқасында, ол берісі аудан, әрісі облыс, республика көлеміндегі қатарластарынан оза шауып, абырой биігінен көрініп, ерекшеленді. Өзіне бекітілген қаракөл қой отарындағы мал санын шығынсыз аман сақтап, төл алу және оның өнімдерін мемлекетке өткізу жөнінде жоспарлы тапсырмаларды үнемі асыра орындап жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп, көпке үлгі болып отырды. Бұл күндері уақыт көші ұзаған сайын Қуекеңнің көзін көріп, онымен бірге қызметтес болғандардың қатары да сиреп барады. Десе де адам баласына берілетін ең жоғары әрі жүрекке жылы баға абырой десек, туған елін түлетуге бар ғұмырын арнаған еңбек ардагерінің өнегелі ғұмыры жайлы көзін көрген қатарластарының естеліктері оның өмір жолын көзге елестетеді. «Мал өсірсең қой өсір, пайдасы оның көл көсір» дегендей, шопандар қауымының тынымсыз, қажырлы еңбегінің нәтижесінде ауылдың экономикасы мен тыныс-тіршілігінде де келелі өзгерістер болды, – деп еске алады аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы, осы шаруашылықта көп жылдар басшылық қызмет атқарған еңбек ардагері Кішкене Айбосынов. – Осы еңбеккер қауымның алғы сапында Қуекең де туған елінің көркеюі үшін мұндай терін төгіп адал еңбек етіп, айналасындағы дос-жаран, қатарластары арасында сыйлы болды. Облыстың партия ұйымының пленум мүшесі ретінде талай-талай алқалы жиындарда сөз алып, мал шаруашылығының келелі мәселелері жөнінде көпшілікке ой салған кездері көп болды. Әртүрлі дәрежедегі басшылардың өздері де әрдайым Қуекеңмен ақылдасып кеңесін тыңдап отыратын».

«Шаруа көзін жетік білетін, мал бағудың қас шебері болған Қуекеңнің аудан, облыс көлемінде алдына ешкім шыққан жоқ, үнемі алда жүрді. Қазір уақыт өзгерді дегенмен қоғам игілігі үшін аянбай еңбек еткен Қуекең сияқты азаматтардың өмірі мен өнегелі істерінің бүгінгі ұрпаққа берер тағылымы үлкен», – деп еске алады осы шаруашылықтың ыстық-суығына бірге күйіп атсалысқан еңбек ардагері Баян Есқуатова.

Қуаныш Бердімағанбетов – қой шаруашылығын дамытудағы көп жылғы үздік жетістіктері Үкімет тарапынан да лайықты бағаланып, «Құрмет белгісі», «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар достығы», «Октябрь революциясы» ордендерімен, бірнеше медальдарымен марапатталды. Республика Жоғарғы Кеңес пен облыстық, аудандық дәрежедегі алған «Құрмет грамоталары» мен алғыстары бір төбе. Ал 1984 жылы еңбектегі жоғары көрсеткіштерге қол жеткізгені үшін Қазақ КСР-нің «Мемлекеттік сыйлығының лауреаты» деген құрметті атаққа ие болуы оның абыройлы өмірінің үлкен бір белесі. Тағдыр оны қаншама біртуар азаматтармен кездестірді. Марқұм осы бір мәртебелі атақты сол кездегі Қазақстан Компартиясы орталық Комитетінің 1-ші хатшысы болған, халқымыздың даңқты перзенті Д.А.Қонаевтың өз қолынан алғанын әркез шаттана еске алушы еді. Облыстық партия комитетін басқарған Еркін Әуелбеков сынды беделді азаматтың еңбектегі жетістіктері үшін «УАЗ» жеңіл автокөлігін сыйға тапсырғаны мен емен-жарқын әңгімелескені де естелігіне арқау болатын.

Қуекең тәуелсіздік жылдарында да ел құрметіне бөленуден кенде болған жоқ. Соның айғағындай 2007 жылы «Арал ауданының Құрметті азаматы» атанды, Елбасы Жарлығымен «Ұлы Жеңіске 60 жыл», «Қызылорда облысына 70 жыл» мерекелік медальдарын омырауына тақты. Аудан ардагерлерінің сапында жаңа Астананың көркін де тамашалап қайтты. «Ақылды қария – ағынды дария» дегендей, ол республикалық дәрежедегі зейнетке шыққасын да ауданның, ауылдың қоғамдық өміріне белсене ат салысып, ұлағатты ақылкеңестерін айтудан жалықпады.

Қадыр Мырза Әлі тауып айтқандай: «Атақты үкімет береді, абыройды халық береді». Үлкенге ізет, кішіге қамқор бола білген көпші қарапайым, ел халқына сыйлы азаматқа халқының бағасы ше? Ондай абыройды халық кез келген көк аттыға бере бермейді. Ол пенделік ғұмырында кісілік пен кішіліктің, айналасына шуақ шашқан азаматтығының арқасында осындай абыройға ие болған жан болды. Ілгері заманда өткен ақыл ойлы дана бабаларымыз: «Адам туылғанда өмірге төрт түрлі қасиетпен келеді: жақсылығы, жамандығы, ырысы, өміржасы. Мұның бәрі өзінікі, өзгеге өлшем болмайды» – деген екен.

Қуаныш өмірінің соңғы күніне дейін ағайынның қуанышына да, қайғысына да ортақтасып жығылғанға тіреу, шаршағанға демеу, қамыққанға қамқоршы бола білді. Бүкіл әулетке, ауылаймақ, досқа аға да, жаға да болды. Үйінің есігі әрдайым ашық болды. Ауыл адамдары да, сырттан келген сыйлы қонақтар да оның берекелі дастарханынан дәм татып, ризашылық баталарын беріп жататын. «Жақсы әйел – азаматтың бағы дегендей», ағамыздың отбасының көп жанды ауызбіршілікті, берекелі, базарлы болуы құдай қосқан қосағы Үржан жеңгеміздің ақжарқын, қабағы ашық, кеуілді мінезіне байланысты екендігі жайлы да сөз қозғамау мүмкін емес. Екеуінің мандайына Жаратушы иеміз еңбегіне, адал болмысбітіміне, пейіліне қоса мол ризықнесібе, бақ-бедел берді. Екеуі жеті ұл-қызды дүниеге әкеліп өсірді. Олардан өрген немере-шөберелерінің қызықтарын көздері көрді, алақандарынан су ішті.

«Әкеден ұл туса игі, ата жолын қуса игі» дегендей, олардан өрбіген ұрпақтары да қазіргі заманның талабымен қалыптасқан тұрмыс-тіршіліктің талғамына сәйкес отбасын құрып, өздеріне лайықты кәсіби жұмыстарын атқарып адал тер төгіп еңбек етуде. Оның «құтты таяғын» қабылдаған баласы Төрехан уақыт талабына сай «Қуаныш» шаруа қожалығын құрып, әкеден қалған тәлімін тәжірибеге айналдырып, қыр төсін төрт түлік малға толтырып, ата кәсібін лайықты жалғастырып отыр.

Ерен еңбегімен ел құрметіне бөленген, парасаты биік, ашық пейіл кең мінезді ағамыздың жалған дүниеден өткеніне де бес жылдың жүзі болған екен. Тау алыстаған сайын биік көрінетіні сияқты ешкімнің дегеніне мойынсынбайтын уақыт әмірші атылған оқтай, шапқан арғымақтай зуылдаса да, оның жарқын бейнесі ел халқының жадынан өшпек емес.

Өткенсіз бүгінімізді, бүгінсіз ертеңімізді көз алдымызға елестете алмаймыз. Елді үнемі ізгілікке үндейтін Елбасымыздың «Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамы» идеясы бүгінгі қоғамдық санада еңбек адамдарын құрметтеу арқылы жастарға ел дамуын тек еселі еңбекпен ғана байланыстыру керектігін алға тартады. Осыған байланысты Тоқабай ауылы тұрғындарының ортақ шешіміменүстіміздегі жылдың қыркүйек айының 8-і күні Қуаныш Бердімағанбетовтың 85 жылдығын еске алу шараларын өткізу көзделуде. Бұл ұсыныс аудан әкімшілігі тарапынан да қолдау тауып, аталған шаралар аясында жергілікті қоғамдастықтың қаулысымен бекітілген ауыл көшесіне ерен еңбек иесінің есімін беру, демалыс саябағын жасап, кеуде мүсінін орнату және ұрпақтары тарапынан рухына құран бағыштап ас беру, ұлттық спорттық ат бәйгесін өткізу сияқты тағылымды еске алу шаралары ұйымдастырылмақ.

Үргенішбай ҚУАТОВ,
Жіңішкеқұм ауылдық округі жанындағы қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы.
Арал ауданы.

SARAP

ЖАНАР-ЖАҒАРМАЙ: БҮГІНГІ НАРЫҚ, ШАРУА ҚАМЫ ҚАЛАЙ?

Осы тамыз айының 26-нан бастап Ресейден бензин импорттау тоқтатылады деген ақпаратты естігеннен кейін, бірден оның себептерін білуге тырыстық. Бұған қатысты ҚР Энергетика вице-министрі Болат Ақшолақов жауап беріпті. Ол мұндай тыйымды Қазақстан нарығында бензиннің шектен тыс көптігімен түсіндіреді. «Еліміздегі мұнай өңдеу зауыттар жаңғыртылғаннан соң, қазіргі уақытта бізде импорттық АИ-92 бензиніне қажеттілік мүлдем жоқ. Сондықтан осы отынды сырттан әкелуге тыйым салмақпыз. Бұл ретте ресейлік әріптестерімізге ескерттік, олар бұл қадамға қарсы емес», – депті вице-министр.

Несі бар, бұл Қазақстан үшін жағымды жаңалық. Бензиннің ең сұранысқа ие түрі түгелдей өзімізде өндіріліп және ол жеткілікті болып жатса одан артық не керек?! Алайда, жанар-жағармай мәселесі қай уақытта да өзекті. Аяқ астынан бір түрі азайып жетіспей жатса, не қымбаттап кетсе проблема туындап шыға келетіні бар. Ал оның жағымсыз әсерлері жеткілікті. Сондықтан әр жылғы жиын-терімнің алдында егінші ағайынның көңілі алаңдайтыны түсінікті нәрсе. Қысқасы, қазір жанар-жағармай нарығындағы жағдай қандай?

ҚР Энергетика министрлігінің мәліметтерінше, республикада бензин қоры жеткілікті. Еліміздің мұнай базаларында АИ-92 бензинінің қоры 350 мың тоннаға жуықтайды. Әйтсе де, бензин жеткілікті болғанымен, бағасы соншалықты төмендеп тұрған жоқ. Жылдың басында 160 теңгеге жуықтаған бензин қазір 153 теңгені шамалайды. Облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының өңірдегі жанармай бекеттерінде күнделікті жүргізіп отырған мониторинг көрсеткіші де осы тақілеттес. Мысалы, жыл басында АИ-95 бензинінің орташа бағасы – 172, ал АИ-92 бензині 160 теңге болса, қазіргі күндері олардың бағалары 169 және 153 теңгені төңіректейді.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі жыл сайын облыстық әкімдіктермен бірге ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің қажеттілігіне жұмсалатын дизель отынының көлемін анықтап, ҚР Энергетика министрлігіне ұсыныс енгізеді. Республика бойынша биылғы көктемгі дала жұмыстары мен күзгі егін жинау науқаны үшін дизель отынының белгіленген көлемі 769,4 мың тонна болса, оның ішіндегі Қызылорда облысының үлесі 30 мың тонна. Оның 14 мың тоннасы көктемгі жұмыстарға жұмсалды. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы мамандарының берген мәліметінде күзгі дала және егін жинау жұмыстарына жеңілдетілген бағамен барлығы 16 мың тонна дизель отыны бөлінген. Осыдан шілде айына тиесілі 3,8 мың тонна дизель отыны облысқа жеткізіліп, оның 3676 тоннасы шаруашылықтарға әр литрі 163 теңгеден таратылып беріліпті. Сонымен қатар, тамыз айына бөлінген 6,5 мың тонна дизель отынына операторлар зауытпен келісім-шартқа отырып, қаржысы толық аударылған. Бүгінгі таңда 1300 тоннасы облысқа жеткізіліп, оның 200 тоннасы шаруашылықтарға таратылып отыр.

Сондай-ақ, аудандардан берілген мәліметтерге сәйкес, бүгінгі күнге шаруашылық құрылымдарымен 7,2 мың тонна (44,8%) дизель отыны, 1,8 мың тонна (56,4 %) бензин, 581 тонна (59,6%) қою май дайындалған. Ал жалпы дизель отынының бағасы өткен жылмен салыстырғанда біраз өскен. Өткен жылы тамыз айында оның бағасы 138 теңге болса, қазіргі күні 183 теңге. Десе де жанармай бекеттеріндегі дизель бағасының фермерлерге қатысы жоқ.

Науқан кезінде бағаның тым шарықтап кетпеуі үшін Ауыл шаруашылығы, Энергетика министрліктері мен оператор компаниялар және Фермерлер одағы бірігіп, әр айдағы бағаны бекітіп отыру жүйесіне көшті. Фермерлер үшін шілде айындағы барлық тарап бойынша бекітілген баға – 163 теңге. Тамыз айына 164 теңге болып бекітілген. Ал қыркүйек пен қазанда біраз арзандайды деп күтілуде.

– Иә, өткен жылмен салыстырғанда дизель отынының бағасы біршама өсті. Десе де, Сыр өңіріндегі дақылдардың бағасы жоғары болуы себепті біздің диқандарға бұл баға айтарлықтай ауыр тие қоймайды. Алайда, осындай өзгерістің ең бірінші зардабын тартып жатқандар солтүстік облыстардағы бидай өсіріп отырған ағайын. Өйткені, бидай бағасы арзан, сол себепті өзіндік құны шарықтап кетеді де, ешқандай пайда көрмей қалуы мүмкін, – деді бұл жайында Қазақстан фермерлер одағының облыстағы өкілі Жасұлан Серіков.

Сонымен жанар-жағармаймен қамтамасыз етудегі жағдай осындай. Ал жалпы әлем мемлекеттері арасында біз арзан бензин сататын елдер қатарынан табылады екенбіз. Халықаралық «Global Petroleum Prices» агенттігінің жүргізген рейтингі бойынша Қазақстан 167 мемлекеттің арасында бензиннің арзандығы жөнінде 10 орынға, дизель отыны бойынша 13 орынға жайғасыпты. Тек Венесуэла, Иран, Сауд Арабиясы, Кувейт, Әзірбайжан және Түркіменстан мемлекеттерінде ғана бензин бізден арзан екен.

Осы орайда көрші мемлекеттердегі бағаға назар аудара кетейік. АИ-92 бензині: Қазақстан-155, Қырғызстан-219, Өзбекстан-238, Ресей-231. Дизель: Қазақстан-183, Қырғызстан-226, Өзбекстан-186, Ресей-246. Жанар-жағармайдың қазіргі нарқы осы. Таразылап көрерсіз.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы».

AIBYN

ЕЛ ТЫНЫШТЫҒЫН КҮЗЕТКЕН ШЕКАРАШЫЛАР

Шиелі ауданының әкімі Ә.Оразбекұлы шекарашылар күніне орай әскери қызметшілер мен алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімдері, сондай-ақ, тәжік-ауған шекарасында борышын өтеген азаматтарды қабылдап, мерекемен құттықтады.

Осыдан 27 жыл бұрын Кеңестік одақ тарап, әлем картасына бірнеше тәуелсіз мемлекет енгенде, оның ішінде Қазақстан Республикасы да бар еді. Осылайша, ата-бабаларымыз сан ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздікке қол жеткіздік. Шекарамыз бекіп, егеменді ел атандық. Ендігі жерде талай тайғақ жолдардан сүрінбей өтіп, қол жеткен егеменді елді мықты әскері ғана қорғай алады десек, халық тыныштығын қамтамасыз ету әрбір азаматқа абыройлы міндет. Сол ауыр жүкті арқалағандар – шекарашылар.

Кең-байтақ тәуелсіз еліміздің шекарасының жалпы көлемі 14 мың шақырымды құрайды. 1999 жылдан бастап, ауданда «Шиелі» шекара комендатурасы жұмыс жасап келеді. «Шиелі» шекара комендатурасына «Тұщы құдық», «Қос маман», «Ұзын құдық», «Дала құдық» шекара заставалары кіреді. Бөлімше Өзбекстан Республикасымен жалпы 270 шақырымнан астам мемлекеттік шекара аумағын абыроймен күзетуде.

1993 жылы 22 қазанда ТМД елдері басшылары Тәжікстан Республикасы мен Ауғанстан шекарасы аумағындағы ахуалды тұрақтандыру шаралары туралы келісімге келген болатын. Шекара аумағын заңсыз қару-жарақ пен есірткі тасымалынан және адам саудасымен айналысатын қарулы жасақтардан қорғау туралы шешім қабылданды. Арнайы қаулыға сәйкес, ҚР ҰҚК-нің Шекара қызметі, ҚР Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдері мен ҚР ІІМ-нің Ұлттық ұланы құрамынан жасақталған қазақстандық бітімгершілік батальоны 8 жыл бойы Отан алдындағы міндетін абыроймен атқарды.

1993-2001 жылдар аралығында ТМД-ның Оңтүстік шекарасын қорғауға республикадан 11500 қазақстандық жауынгер қатысып, тәжік-ауған шекарасы аумағындағы әскери ұрыс қимылдарында 54 қазақстандық жауынгер қайтыс болды.

Оның ішінде Шиелі ауданынан 47 азамат бітімгершілік миссияны орындау мақсатында тәжік-ауған шекарасы аумағындағы әскери ұрыс қимылдарына қатысқан. Олардың арасында бір азамат, жерлесіміз Ержан Әбдиев ерлікпен қаза тапса, Ғалымжан Байжанов пен Асылбек Дәуренбеков ауыр жарақат алды.

Нағыз ерге тән ауыр мандықты таңдап, елдің тыныштығын күзеткен азаматтарды аудан әкімі мерекелерімен құттықтап, ерлік ешқашан ұмытылмайтынын айтты. Шара барысында ерлікпен қаза тапқан Ержан Әбдиевтей батырды өмірге алып келген анасы Құндызай Сүлейменоваға «Асыл Ана» медалін табыс етті. Сонымен қатар, Тәжік-Ауған шекарасы аумағындағы әскери ұрыс қимылдарына қатысқан Табиғат Әшірбеков, Сәбит Батырбеков, Бауыржан Асанов, Яхия Құлмышевтардың кеуделеріне «Тәжік-Ауған шекарасындағы қызметі үшін» медалі тағылды. Ал, әскери ұрыс қимылдарына қатысқан Нұрлан Бекжанов, Ғафур Төлебаев, Таңат Мадиевтерге аудан әкімінің алғыс хаты табыс етілді.

Мерекелік шара барысында еңбегі бағаланып, марапатталғандардың қатарында әскери қызметшілер де болды. Атап айтсақ, «Шиелі» шекара комендатурасы комендантының орынбасары капитан Б.Абдрахманов, «Шиелі» шекара комендатурасы комендатының орынбасары, капитан Б.Кумаров, аға лейтенант О.Қуатбек, аға сержант Н.Асанов, қатардағы жауынгер Е.Нұрбек, қатардағы жауынгер Д.Мавланкулов, сержант М.Нұрмағанбетов, ефрейтор Н.Рысбаев, кіші сержант Д.Полатов, сержант Н.Жақсылықов алғыс хаттармен марапатталды.

Шарада аудан өнерпаздары күмбірлеген күй мен әуезді ән қатысушыларға көңіл-күй сыйлады. Мұнан соң аудан әкімі Ә.Оразбекұлы «Ұзын құдық» шекара заставасында болып, жұмыс барысымен танысты. Отан алдындағы борышын өтеп жүрген сарбаздармен тілдесіп, оларға ел қорғау жолындағы қызметіне табыс тіледі.

Ерұлан ДАТКЕНОВ,
журналист.

MAIDANGER

ТЫНЫШТЫҚ КҮЗЕТШІСІ

Тұрсын Мұхамеджанов 1922 жылы 15 тамызда Қызылорда облысы Сырдария ауданының бұрынғы №6 Сталин колхозында шаруа отбасында дүниеге келген. Ата-анасынан ерте айырылып, жетімдіктің тақсіретін тартқан ол 1938 жылы Сырдария ауданының «Ортақшыл» мектебін бітіреді. Онан кейін Қызылорда қаласындағы педагогикалық училищеге оқуға қабылданады. Осы арнаулы оқу орнының 2 курсын бітіргеннен кейін 1942 жылдың ақпанында майданға аттанады.

Сұрапыл соғыста ІІМ-нің 50-атқыштар резервтік шекарашы әскерлер полкінде, 69-атқыштар жасағында, 1945-1948 жылдары Риганың атқыштар бөлімінде, одан соң Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігінің 57-атқыштар шекара жасағында ерлігімен көзге түсті. Сұм соғысты аяқтап, жеңіс туын желбіреткен ол әскер қатарында қалып, 1949 жылға дейін КСРО-ның мемлекеттік шекара күзетінде қызмет еткен.

Ел шебіндегі ерлігіне орай «Германияны жеңгені үшін», «Жапония жеңісі үшін», «Ұрыстағы ерлігі үшін» және «Кеңес Армиясы мен флотының 30 жылдығы» медальдарымен марапатталды. Жетіжылдық міндеттен елге оралған майдангер облыстық мемлекеттік қорғаныс министрлігі басқармасына қарасты жедел атқыштар заставасының жедел іздестіру бөліміне жұмысқа орналасты. Біліктілігін жетілдіру мақсатында Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігінің Алматы қаласындағы жедел құрамын даярлау мектебіне түседі. Арнайы мектепті бітіргеннен кейін 1951-1956 жылдары Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігінің Ақмола облысы №101 Есіл аудандық бөлімі комендатурасында коменданттың көмекшісі болып қызмет жасады. Осы тұста Ақмолада бүкіл Одақ бойынша тың игеру жұмыстары жүргізіліп жатқан болатын. Т.Мұхамеджанов өз саласы бойынша бүкілхалықтық іске белсене араласты. 1959 жылы елге оралып, Жалағаш аудандық жергілікті учаскелік милициясында, Сырдария аудандық жергілікті милиция бөлімінде жоғарғы жедел іздестіру криминалисі болып қызметін жалғастырады. Сырдария аудандық атқару комитетінде жергілікті милиция бөлімінің учаскелік милициясы, Тереңөзек аудандық Ішкі істер бөлімінде учаскелік инспектор, күзет бөлімінің бастығы қызметтерін адал атқарды.

Ішкі істер саласындағы жемісті еңбегі үшін I және II дәрежелі «Мінсіз қызметтері үшін», «Кеңес милициясының 50 жылдығы», «КСРО Қарулы күштерінің 50 жылдығы» медальдарымен және «Милиция үздігі» төсбелгісімен марапатталған.

Майдангер Т.Мұхамеджанов асыл жары Гүлжахан Ермашқызымен бірге он ұл-қызды дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірді. Ардагердің жолын қуған ұлдары мен немерелері де қоғамдық тәртіпті сақтау жолында қызмет етеді. Соғыс ардагері Т.Мұхамеджанов 1983 жылы дүниеден озды.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ,
«Сыр бойы».
Сырдария ауданы.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 1 тамыздағы № 1186 қаулысы
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 23.08.2018 жылы № 6410 тіркелген

«Ақсуат» компрессор стансасының күзет аймағы шекарасын белгілеу және олардағы жерді пайдалану режимін айқындау туралы

«Қазақстан Республикасының Жер кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Кодексінің 121-бабы 4-тармағына, «Магистральдық құбыр туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 22 маусымдағы Заңының 14-бабы 2-тармағының 6) тармақшасына, осы баптың 5-тармағына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ақсуат» компрессор стансасы аумағы шекарасынан барлық жаққа жүз метрге кейін қалатын күзет аймағының шекарасы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. «Ақсуат» компрессор стансасының күзет аймағындағы жерді пайдалану режимі осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

3. «Қызылорда облысының жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі және Қазалы ауданының әкімдігі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С.Қожаниязовка жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Қ. Көшербаев.**

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 1 тамыздағы № 1186 қаулысына 1-қосымша

«Ақсуат» компрессор стансасы аумағы шекарасынан барлық жаққа жүз метрге кейін қалатын күзет аймағының шекарасы

№	Аудан атауы	«Ақсуат» компрессор стансасының күзет аймағы шекарасының көлемі, гектар	Оның ішінде:	
			жайылымы	басқа алқаптары
1	2	3	4	5
1	Қазалы ауданы	39,64	28,14	11,50

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 1 тамыздағы № 1186 қаулысына 2-қосымша

«Ақсуат» компрессор стансасының күзет аймағындағы жерді пайдалану режимі

№	Күзет аймағының атауы	Күзет аймағындағы жерді пайдалану режимі
1	2	3
1	«Ақсуат» компрессор стансасының күзет аймағы	«Ақсуат»компрессор стансасының күзет аймағында: 1) өткелдерді, кара жолдарды және магистральдық құбыр трассасы мен оның күзет аймағын өзге де уақытша немесе тұрақты көлікпен кесіп өтудің орналасу орындарын, салу, жайластыру және пайдалану тәртібін магистральдық құбырдың меншік иесімен келіспей, орнатуға; 2) бағбандыққа және орман өсіруге, сондай-ақ жер жырту тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын далалық ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін агротехникалық жұмыстар кешенінен басқа, магистральдық құбырдың меншік иесімен келісілмеген кез келген жұмысты орындауға; 3) магистральдық құбырдың меншік иесі не оператор жайластырған, магистральдық құбырға қызмет көрсету мен оның физикалық қорғалуын қамтамасыз етуге арналған жолдарды рекультивациялауға, сондай-ақ магистральдық құбырда өртке қарсы және күзет функцияларын орындайтын қызметкерлердің осы жолдармен қозғалысына, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, кедергі келтіруге; 4) кез келген құрылыстар мен ғимараттар салуға;
		5) автомобиль көлігі құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға; 6) мелиоративтік жер жұмыстарын жүргізуге, суару және құрғату жүйелерін салуға; 7) магистральдық құбырдың меншік иесінің келісімінсіз тау-кен, құрылыс салу, монтаждау және жару жұмыстарын жүргізуге, жерді тегістеуге; 8) ұңғымалар, тікқазбалар орнатуға және топырақ сынамаларын (топырақ үлгілерінен басқа) алуға байланысты геологиялық түсіру, іздеу, геодезиялық және басқа да іздестіру жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 2 тамыздағы № 1190 қаулысы
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 22.08.2018 жылы № 6406 тіркелген

«Сексеуіл» компрессор стансасының күзет аймағы шекарасын белгілеу және олардағы жерді пайдалану режимін айқындау туралы

«Қазақстан Республикасының Жер кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Кодексінің 121-бабы 4-тармағына, «Магистральдық құбыр туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 22 маусымдағы Заңының 14-бабы 2-тармағының 6) тармақшасына, осы баптың 5-тармағына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Сексеуіл» компрессор стансасы аумағы шекарасынан барлық жаққа жүз метрге кейін қалатын күзет аймағының шекарасы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. «Сексеуіл» компрессор стансасының күзет аймағындағы жерді пайдалану режимі осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

3. «Қызылорда облысының жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі және Арал ауданының әкімдігі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С.Қожаниязовка жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Қ. Көшербаев.**

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 2 тамыздағы № 1190 қаулысына1-қосымша

«Сексеуіл» компрессор стансасы аумағы шекарасынан барлық жаққа жүз метрге кейін қалатын күзет аймағының шекарасы

№	Аудан атауы	«Сексеуіл»компрессор стансасының күзет аймағы шекарасының көлемі, гектар	Оның ішінде:	
			жайылымы	басқа алқаптары
1	2	3	4	5
1	Арал ауданы	25,28	18,96	6,32

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 2 тамыздағы № 1190 қаулысына 2-қосымша

«Сексеуіл» компрессор стансасының күзет аймағындағы жерді пайдалану режимі

№	Күзет аймағының атауы	Күзет аймағындағы жерді пайдалану режимі
1	2	3
1	«Сексеуіл» компрессор стансасының күзет аймағы	«Сексеуіл»компрессор стансасының күзет аймағында: 1) өткелдерді, кара жолдарды және магистральдық құбыр трассасы мен оның күзет аймағын өзге де уақытша немесе тұрақты көлікпен кесіп өтудің орналасу орындарын, салу, жайластыру және пайдалану тәртібін магистральдық құбырдың меншік иесімен келіспей, орнатуға; 2) бағбандыққа және орман өсіруге, сондай-ақ жер жырту тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын далалық ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін агротехникалық жұмыстар кешенінен басқа, магистральдық құбырдың меншік иесімен келісілмеген кез келген жұмысты орындауға; 3) магистральдық құбырдың меншік иесі не оператор жайластырған, магистральдық құбырға қызмет көрсету мен оның физикалық қорғалуын қамтамасыз етуге арналған жолдарды рекультивациялауға, сондай-ақ магистральдық құбырда өртке қарсы және күзет функцияларын орындайтын қызметкерлердің осы жолдармен қозғалысына, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, кедергі келтіруге; 4) кез келген құрылыстар мен ғимараттар салуға;
		5) автомобиль көлігі құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға; 6) мелиоративтік жер жұмыстарын жүргізуге, суару және құрғату жүйелерін салуға; 7) магистральдық құбырдың меншік иесінің келісімінсіз тау-кен, құрылыс салу, монтаждау және жару жұмыстарын жүргізуге, жерді тегістеуге; 8) ұңғымалар, тікқазбалар орнатуға және топырақ сынамаларын (топырақ үлгілерінен басқа) алуға байланысты геологиялық түсіру, іздеу, геодезиялық және басқа да іздестіру жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.

ҚОҒАМДЫҚ ПІКІРДІ ЖИНАҚТАЙДЫ

«Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ «Байқоңыр қаласының сумен жабдықтау және суды бұру жүйелерін қайта реконструкциялау» жобасы бойынша техника-экономикалық негіздемесін әзірлеу» жұмыс жобасына қоршаған ортаға әсерін бағалау (ҚОӘБ) жөнінде қоғамдық пікір жинақтауды жүргізеді.

Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауды ұйымдастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректері - «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел: 8 (7242) 60-53-62; info@prd.orda.gov.kz;

- ұсыныстар мен ескертулер қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық поштасының мекен жайы info@prd.orda.gov.kz;

- жоба бойынша құжаттама орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекен жайы https://tabigat.e-kyzylorda.gov.kz/;

- жұртшылық өкілдерінің жоба материалдарымен қағаз түрінде танысуға мүмкін болатын орнының мекен-жайы Қызылорда қ., Бейбарыс Сұлтан көш, 1;

- мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік органның атауы – Құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу;

- тапсырыс берушінің атауын және байланыс деректері «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ, Қызылорда қ., Бейбарыс Сұлтан көш., 1, тел.: 8 (7242) 60-53-92, 60-53-96;

- тапсырыс берушінің ұсыныстар мен ескертулер қабылданатын интернет-ресурсының немесе электрондық поштасының мекен жайы too_asem@mail.ru.

Жұмыс жобасы – «Әсем Жоба Құрылыс» ЖШС, тел.: 8 (7252) 44-94-38.

ҚОӘБ – ЖК Бестерeков У., тел: 8 (7252) 30-02-05.

ТҰРАҚТЫЛЫҚ – ТАТУЛЫҚ НЕГІЗІ

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғалы әлемдік қауымдастық мойындаған, дінаралық және конфессияаралық диалог пен келісімді табысты ілгерілетуде бірегей тәжірибесі бар егеменді мемлекет ретінде қалыптасты.

Дегенмен, дінді жамылған экстремистік және террористік идеологияның таралу процесі соңғы уақытта іс жүзінде бүкіл әлемде ауқымды сипатқа ие.

Осыған байланысты Қазақстан терроризм қатерінен қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларының жүйесін әзірлеп, оның тиімділігін арттыруда.

Облыс, қала мен аудан әкімдіктері жанында құрылған және тікелей әкімдермен басқарылатын бұл комиссиялар тиісті аумақта терроризмнің алдын алу, терроризм зардаптарын барынша азайту және жою жөніндегі қызметін жүзеге асыратын консультативтік-кеңесші органдар болып табылады.

Биылғы жылы облыс әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы комиссиясының 2 отырысы өткізіліп, онда 8 мәселе қаралды.

Комиссия отырыстарында қабылданған шешімдерді іске асыру барысында террористік актілердің салдарын азайтуға және жоюға қатыстырылатын мемлекеттік органдардың әзірлігі бойынша, мемлекеттік және өңірлік кәсіпкерлікті дамытудың бағдарламалары мен жобалары аясында жұмыссыз жүрген азаматтарға қолдау көрсету, маргинал жастар арасында экстремизм мен терроризм көріністеріне бой бермеуді қалыптастыруға және оған қарсы ерте профилактика жүргізу аясында Қызылорда облысының жергілікті полиция қызметіне бағытталған шаралар іске асырылды.

Жалпы комиссиямен атқарылған жұмыстар нәтижесінде облыста діни ахуалдың тұрақтылығы қамтамасыз етіліп келеді.

«Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

ЖЕКЕШЕ ӘРІПТЕСТІ АЙҚЫНДАУДА ТІКЕЛЕЙ КЕЛІССӨЗДЕР АРҚЫЛЫ КОНКУРС ӨТКІЗУ ХАБАРЛАМАСЫ

«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 карашадағы № 725 бұйрығының 130 тармағына сәйкес, «Қызылорда қаласы Төле би көшесі 29 Б бойында ауысымына 400 келушіге арналған емханаңы ашу» жобасын іске асыру мақсатында тікелей келіссөздер арқылы жекеше серіктесті айқындауда конкурс өткізілетінін хабарлайды.

1. Жобаның мақсаты: Алғашқы медициналық-санитарлық көмекке қолжетімділігін және медициналық қызмет сапасын арттыру мақсатында нормативке сәйкес қажетті ғимаратты медициналық және технологиялық құрал-жабдықтармен жарақтандыру.

Жобаның мерзімі: 2018-2022 жылдар.

Әлеуетті жекеше әріптестің қызметі: медициналық және технологиялық құрал-жабдықтармен жарақтандыру, жиһаз және компьютерлермен қамтамасыз ету.

Болжамды шығындарды өтеу және кірістерді алу көздері: МЖӘ келісімі бойынша инвестициялық шығындарды өтеу және басқаруды жүзеге асырғаны үшін сыйақы алу.

4. Ұйымдастырушының байланысу деректері: «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 23 тел.: 8/7242/40-04-51, (30-22) электронды пошта: uzdr@korda.gov.kz, жауапты орындаушының А.Т.Ә: Бюджеттік бағдарламаларды жоспарлау және медициналық қызметтің көлемін орналастыру бөлімінің бас маманы: М.Асанова.

5. Жоба ұсынысын берудің түпкілікті мерзімі: 21.09.2018ж сағат: 12.00-ге дейін.

***

«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Мемлекеттік - жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 бұйрығының 130 тармағына сәйкес «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Амбулаториялық-емханалық қызметі бар Қазалы аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны базасында катетерлеу зертханасын құру және жұмысын қамтамасыз ету» туралы жобасын іске асыру мақсатында тікелей келіссөздер арқылы жекеше әріптесті айқындауда конкурс өткізілетінін хабарлайды.

1.Жобаның мақсаты:

• Қызылорда халқына көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын жаңа технологиялық кешенмен (ангиограф және бұрын халыққа қол жетімсіз болған медициналық қызметтерді енгізу) жабдықтау арқылы арттыру мақсатында озық технологияларды енгізу;

• Жүрекке күрделі операцияларды жүргізуге қажетті базаны жақсарту;

• ҚАОУ медициналық қызметтердің сапасын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру;

• ҚАОУ Катетерлеу зертханасын операцияларды жүргізуге қажетті медициналық мақсаттағы заттармен қамтамасыз ету:

• Материалдық қорларды басқару бойынша IT жүйесін енгізу;

• Operational excellence (Lean Six Sigma) енгізу.

2.Жоба бойынша техникалық-экономикалық талаптар:

1) Бөлмені Ангиографиялық жүйені орнатуға дайындау;

2) Ангиографиялық жүйе және өндірушінің мамандарының белгілеген кепілді қызмет көрсету мерзімі, 60 айдан жоғары мерзімде жүйенің барлық компоненттерін толық жабу арқылы анықталады.

3) Медициналық мақсаттағы бұйымдарды жеткізу ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы №1729 «Дәрідәрмекті, профилактикалық (иммунобиологиялық, диагностикалық, залалсыздандыру) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету бойынша фармацевтикалық қызметтерді, медициналық қызметтерге» міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру және сатып алу ережелері» Қаулысына сәйкес жүзеге асырылады;

4) Катетерлеу зертханасының менеджері;

5) Материалдық қорларды басқару бойынша АТ жүйелері;

6) ҚАОУ медициналық қызметкерлерді оқыту және Lean Six Sigma әдістемесін енгізу(ұқыпты өндіріс).

3.Негізгі параметрлер:

Әлеуетті жекеше әріптес өз қаражаттарының есебінен ҚАОУ бөлмені және барлық қажетті құжаттарды дайындауы тиіс.

Бөлмені дайындағаннан кейін ангиографиялық қондырғыны орнату қажет.

Қызметті қамтамасыз ету аясында мемлекеттік-жекешелік әріптестік келісім-шартының жарамды мерзімі ішінде жүйенің барлық компоненттерін толық жаба отырып, өндірушінің мамандары кепілді қызмет көрсетуді қамтамасз етуі тиіс.

Қызметті қамтамасыз ету аясында медициналық мақсаттағы бұйымдарды, мемлекеттік-жекешелік әріптестік келісім-шартының жарамды мерзімінің ішінде жеткізілуі тиіс.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік обьектісінің материалдық қорларын басқару бойынша АТ жүйесін енгізу. Менеджер операцияларды жасауға және мемлекеттік-жекешелік әріптестік Обьектісінің базасындағы процедураларды жүргізуге қажетті медициналық мақсаттағы бұйымдарды дер кезінде ҚАОУ-қа жеткізілуін қамтамасыз етеді. Менеджер халыққа медициналық қызмет көрсету мақсатында катетерлеу зертханасының жұмысын қамтамасыз етуге қажетті, медициналық мақсаттағы бұйымдарды жеткізу процесін басқарады.

ҚАОУ медициналық қызметкерлерді оқыту және Lean Six Sigma (ұқыпты өндіріс) әдістемесін енгізу аясында, потенциалды Жеке серіктес Lean Six Sigma(ұқыпты өндіріс) әдістемесі бойынша және оқығаны туралы сертификаты бар тәжірибелі кеңесшілерді тартуы тиіс.

4.Ұйымдастырушының байланысу деректері: «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі, Абай даңғылы №27 тел.: 8/7242/40-04-51, электронды пошта: uzdr@korda.gov.kz, жауапты орындаушының А.Т.Ә: Бюджеттік бағдарламаларды жоспарлау және медициналық қызметтің көлемін орналастыру бөлімінің бас маманы: М. Асанова

5.Жоба ұсынысын берудің түпкілікті мерзімі: 24.09.2018ж

***

«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Мемлекеттік - жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығының 130 тармағына сәйкес, «Қызылорда облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық медициналық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны базасында катетерлеу зертханасын құру және жұмысын қамтамасыз ету» туралы жобасын іске асыру мақсатында тікелей келіссөздерді жекеше әріптесті айқындауда конкурс өткізілетінін хабарлайды.

1. Жобаның мақсаты:

• Қызылорда халқына көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын жаңа технологиялық кешенмен (ангиограф және бұрын халыққа қол жетімсіз болған медициналық қызметтерді енгізу) жабдықтау арқылы арттыру мақсатында озық технологияларды енгізу;

• Жүрекке күрделі операцияларды жүргізуге қажетті базаны жақсарту;

• ОМО медициналық қызметтердің сапасын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру;

• ОМО Катетерлеу зертханасын операцияларды жүргізуге қажетті медициналық мақсаттағы заттармен қамтамасыз ету:

• Материалдық қорларды басқару бойынша IT жүйесін енгізу;

• Operational excellence (Lean Six Sigma) енгізу.

2. Жоба бойынша техникалық-экономикалық талаптар:

1) Бөлмені Ангиографиялық жүйені орнатуға дайындау;

2) Ангиографиялық жүйе және өндірушінің мамандарының белгілеген кепілді қызмет көрсету мерзімі, 1 қосымшаға сәйкес, 60 айдан жоғары мерзімде жүйенің барлық компоненттерін толық жабу арқылы анықталады.

3) Медициналық мақсаттағы бұйымдарды жеткізу ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы №1729 «Дәрідәрмекті, профилактикалық (иммунобиологиялық, диагностикалық, залалсыздандыру) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету бойынша фармацевтикалық қызметтерді, медициналық қызметтерге» міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру және сатып алу ережелері» Қаулысына сәйкес жүзеге асырылады;

4) Катетерлеу зертханасының менеджері;

5) Материалдық қорларды басқару бойынша АТ жүйелері;

6) ОМО медициналық қызметкерлерді оқыту және Lean Six Sigma әдістемесін енгізу(ұқыпты өндіріс).

3.Негізгі параметрлер:

Әлеуетті жекеше әріптес өз қаражаттарының есебінен ОМО бөлмені және барлық қажетті құжаттарды дайындауы тиіс.

Бөлмені дайындағаннан кейін ангиографиялық қондырғыны орнату қажет.

Қызметті қамтамасыз ету аясында мемлекеттік-жекешелік әріптестік келісім-шартының жарамды мерзімі ішінде жүйенің барлық компоненттерін толық жаба отырып, өндірушінің мамандары кепілді қызмет көрсетуді қамтамасз етуі тиіс.

Қызметті қамтамасыз ету аясында медициналық мақсаттағы бұйымдарды, келісім-шартының жарамды мерзімінің ішінде жеткізілуі тиіс.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының материалдық қорларын басқару бойынша АТ жүйесін енгізу. Менеджер операцияларды жасауға және мемлекеттік-жекешелік әріптестік обьектісінің базасындағы процедураларды жүргізуге қажетті медициналық мақсаттағы бұйымдарды жеткізу дер кезінде ОМО-қа жеткізілуін қамтамасыз етеді. Менеджер халыққа медициналық қызмет көрсету мақсатында катетерлеу зертханасының жұмысын қамтамасыз етуге қажетті, медициналық мақсаттағы бұйымдарды жеткізу процесін басқарады.

ОМО медициналық қызметкерлерді оқыту және Lean Six Sigma (ұқыпты өндіріс) әдістемесін енгізу аясында, потенциалды Жеке серіктес Lean Six Sigma (ұқыпты өндіріс) әдістемесі бойынша және оқығаны туралы сертификаты бар тәжірибелі кеңесшілерді тартуы тиіс.

4.Ұйымдастырушының байланысу деректері: «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі, Абай даңғылы №27 тел.: 8/7242/40-04-51, электронды пошта: uzdr@korda.gov.kz, жауапты орындаушының А.Т.Ә: Бюджеттік бағдарламаларды жоспарлау және медициналық қызметтің көлемін орналастыру бөлімінің бас маманы: М. Асанова

5. Жоба ұсынысын берудің түпкілікті мерзімі: 24.09.2018 ж.

МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ ҮДЕРІСІ

Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасымен «Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында немесе корпоративішілік ауыстыру шеңберінде еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызметі жүзеге асырылады.

Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің электрондық үкімет порталы арқылы үлесін арттыру мақсатында басқарма тарапынан жұмыс берушілерге портал арқылы, электрондық сұраныс пен құжаттарды «жеке кабинетте» отырып жолдау арқылы нәтижесін алудың артықшылығын түсіндіру нәтижесінде 2018 жылдың 7 айында 89 заңды тұлғадан рұқсат алуға түскен өтініштердің 86-сы «Е-лицензиялау» мемлекеттік дерекқоры» ақпараттық жүйесі арқылы (97%), 3-і қағаз түрінде (3%) түсіп, барлығы 515 рұқсат берілді. Бюджетке 217,8 млн теңге сомасында салық алымы түсті.

Ақпарат ретінде:

Қазіргі таңда облысқа 2018 жылы шетелдік жұмыс күшін тартуға бөлінген 1136 бірлік квота шегінде 989 жоғары білікті шетел мамандары рұқсатпен жұмыс жасауда.

БАҚҰЛ БОЛ, АРДАҚТЫ АҒА

Сыр өңіріне белгілі теміржолшы, тыл ардагері Түлкібаев Әнуарбек Шыртайұлы өмірден өтті.

Әнуарбек Шыртайұлы 1929 жылдың 12 ақпанында Жаңақорған ауданының Бесарық станциясында дүниеге келген. Еңбек жолын соғыс жылдары 13-14 жасында теміржолда жол жұмысынан бастаған. 1974 жылға дейін Майлытоғай, Боздала, Талап, Бесарық бекеттерінде бағдаршы, кезекші, 1974 жылы Бесарық станциясының бастығы болып абыройлы қызмет атқарған. Сол жылдары ауылдық кеңес депутаты, бастауыш партия ұйымының хатшысы ретінде қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, теміржолшы халықтың әлеуметтік мәселелерін шешуге атсалысқан. Теміржол саласында атқарған еселі еңбегі бағаланып, "Ударник Сталинского призыва" белгісімен, "Еңбек ардагері" медалімен, "Құрметті теміржолшы" атағымен, "Қазақстан теміржолына - 100 жыл", "Біртұтас Қазақ теміржолына - 50 жыл", "Қазақстан теміржолына - 110 жыл" мерейтойлық естелік төсбелгілерімен марапатталған.

Ардақты ағамыз Әнуарбек зайыбы Зиба екеуі жеті ұл-қыз тәрбиелеп өсіріп, үлгілі отбасы бола білді.

"ҚТЖ-Жүк тасымалы" АҚ - "ЖТ Қызылорда бөлімшесі" мен "Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы" Қызылорда филиалы басшылықтары аймақ теміржолының ардақты ақсақалы Әнуарбек Шыртайұлының өмірден озуына байланысты әулетінің орны толмас ауыр қайғысын бөлісіп, көңіл айтады.

"ҚТЖ-Жүк тасымалы" АҚ - "ЖТ Қызылорда бөлімшесі", "Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің" кәсіби одағы қоғамдық бірлестігі.

ЖЕРДІ МАҚСАТТЫ ПАЙДАЛАНУ – МІНДЕТТІ ТАЛАП

Жер меншік нысанына қарамастан мақсаты бойынша пайдаланылуы қажет. Аймақта, жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау жөніндегі уәкілетті орган ретінде облыстық жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы танылады. Осы уәкілетті органның құзыреттерінің бірі – пайдаланылмай жатқан жерді анықтау және мемлекеттік меншікке қайтару.

Жалпы, жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар жерді оның нысаналы мақсатына немесе елді мекендердегі жерлерде функционалдық аймағына, уақытша жер пайдалану кезінде жалдау шартына (уақытша өтеусіз жер пайдалану шартына) сәйкес пайдалануға міндетті. Осы тұста аталған негізгі ұғымдарға қысқаша тоқталатын болсақ:

- жер учаскесіне жеке меншік құқығы – азаматтардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың өздеріне тиесілі жер учаскесін Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде иелену, пайдалану және оларға билік ету құқығы;

- жер пайдалану құқығы – тұлғаның мемлекеттік меншіктегі жер учаскесін өтеулі және (немесе) өтеусіз негізде шектеусіз мерзімге (тұрақты жер пайдалану) немесе белгілі бір мерзім ішінде (уақытша жер пайдалану) иелену және пайдалану құқығы;

- функционалдық аймақ – жер учаскелерін пайдаланудың бірыңғай режимі бар елді мекендердегі олардың нысаналы мақсатының тобын қамтитын шартты аймақ.

Ескеретін жайт, құрылысқа арналған жер учаскесі егер жобалау-сметалық құжаттамада неғұрлым ұзақ мерзім көзделмесе, оны беру туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жыл ішінде мақсаты бойынша пайдаланылуы қажет. Мақсаты бойынша пайдаланылмаған жер учаскесіне басқармамен жер учаскесін мақсаты бойынша пайдалану жөнінде шаралар қолдану үшін нұсқама беріледі. Орындалуы міндетті нұсқама 1 (бір) жыл мерзімге беріледі. Сондай-ақ, жер учаскесінің меншік иесі мен жер пайдаланушыға берілген нұсқама жер учаскесіне құқық ауыртпалығы ретінде "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік тіркелуге жататындығын назарға алу қажет.

Атап өту қажет, егерде нұсқама талабы белгіленген мерзімде орындалмаған жағдайда, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 462-бабының 3-тармағына сәйкес, әкімшілік іс өндірісі қозғалатын болады. Аталған баптың 3-тармағының диспозициясында мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары (лауазымды адамдар), мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары өздерінің құзыреті шегінде берген заңды талаптарды немесе нұсқамаларды, ұсынуларды, қаулыларды орындамау немесе тиісінше орындамау көрсетілсе, санкциясында рұқсаттың қолданылуын тоқтата тұрып немесе онсыз не қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұрып немесе онсыз, жеке тұлғаларға – бес, лауазымды адамдарға – он бес, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келетіндігі көзделген.

Өз кезегінде, қозғалған әкімшілік іс мамандандырылған аудандық және оларға теңестірілген әкімшілік соттардың қарауына жолданады.

Бұдан бөлек, жер учаскелерінің меншік иелерінен және жер пайдаланушылардан жер учаскелерін мәжбүрлеп алып қою жер учаскесі орналасқан жер бойынша басқарманың талап арызы бойынша сот тәртібімен жүргізіледі. Жер учаскесін мәжбүрлеп алып қою туралы талап арыз әкімшілік жазалау шаралары қолданылғаннан кейін және жер учаскесін мақсаты бойынша пайдалану жөнінде нұсқаманың мерзімі өткеннен кейін беріледі.

Жер учаскесі сот шешімімен жер учаскесінің меншік иесінен немесе жер пайдаланушыдан мәжбүрлеп алып қойылған жағдайда, жер учаскесіне меншік құқығы немесе жер пайдалану құқығы (мемлекеттен сатып алынған, жер учаскесіне жалдау құқықтарына қатысты) Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасында және Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) сатылады.

Ал, өтеусіз негізде берілген жер учаскесі сот шешімімен меншік иесінен мәжбүрлеп алып қойылған жағдайда, осы жер учаскесі жер учаскесінің меншік иесіне құнын өтеместен одан әрі қайта бөлу үшін арнайы жер қорына алынады.

Тағы бір назарға алатын жайт, жер учаскесін мәжбүрлеп алып қою туралы заңды күшіне енген сот шешімі жер учаскесі мәжбүрлеп алып қойылған тұлғаны жер учаскелері мәжбүрлеп алып қойылған тұлғалардың тиісті тізіліміне енгізу үшін негіз болып табылады. Жер учаскелері мәжбүрлеп алып қойылған тұлғалардың тізіліміндегі жеке және заңды тұлғаларға жер учаскелерін беруге жол берілмейді.

Ш. КИЗБАЕВ,
облыстық жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасының бас маманы-мемлекеттік инспектор.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

«БибіАйша» балабақша мекемесі (БСН: 161140028621) Жарғысының (мемлекеттік және орыс тілінде) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

КІРПІШ САТЫЛАДЫ

Қызылорда қаласында украиналық құралмен жабдықталған М-125 маркалы қатпарлы кірпіш сатылады. Өлшемі 250х120х88 мм, 250х120х65мм. Байланыс тел.: **8 701 335 96 50, 8 777 058 24 69.**

(12-10)

JIGER

Қайсар ҚАСИЕТ

Сыр өңірінде мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек көрсетудің айрықша үлгісі қолға алынған. Оның дәлелі ретінде жуырда ғана Қызылордадағы Кәсіпкерлер үйінде «Өзіңе сене баста» атты мүмкіндігі шектеулі кәсіпкерлердің өнімдерінен облыстық көрме-байқау ұйымдастырылғанын айтсақ та жеткілікті. Байқауға «Кәдесый жасау» жобасымен Жаңақорған ауданынан қатысқан Қасиет Орал облыс әкімінің Алғыс хаты мен 1 миллион теңгеге ие болған еді. Бүгін осы Қасиет туралы сөз қозғамақпыз.

Әңгіме арқауына айналып отырған қаршадай қыз кальций жетіспеушілігіне байланысты бала кезінен шалт қимылдаса сүйегі сынатын сырқатқа шалдыққан. Осы себептен әкесі Қалдыбай Әбдіраманов пен анасы Қалипа Иманбаева қыздарының көз алдарында жүргенін қалайды. Қасиет денсаулығына байланысты үйде оқытылған. Оның қолынан келмейтіні жоқ. Жасаған кәдесыйлары көздің жауын алады. Әсіресе, қыз-келіншектердің сәндік мақсаттағы әшекейлері көптеп табылады. Тіпті, төл туындыларын теңгеге пұлдап, сатып алған балабақша мен мектеп ұжымдары жетерлік. Оның өзі бұл өнерге деген қызығушылық арманға жетелеп бара жатқанын айтты.

– Арманым көп. Оқығым келеді. Тіпті, кәсіп ашып, мына ісімді әрі қарай дамытсам деймін, – деді ол бізбен әңгімесінде.

Талантты қыздың өмірге деген құлшынысы талайға үлгі боларлық. Ол ғаламторға қарап отырып, түрлі пішінде жасалған әдемі дүниелерді іздейді. Тапқан бұйымын өзі жасап көреді. Бұл іске айрықша ықыласы ауып, бірте-бірте шеберлігін шыңдай түседі.

– Алғашқыда уақытымды босқа өткізбейін деп ғаламтордан жылтыраған майда моншақтарды біріктіріп жасауды үйрендім. Ол кезде барлығы осылай алға басады деп ойламадым. Ата-анам үнемі қасымда. Әкем үй жағдайында жұмыс жасауға қажетті барлық затты тауып береді. Анам да қолынан келген көмегін аямайды, – дейді ол.

Біз өз кезегінде Қасиеттің анасы Қатипа апайды да сөзге тартқан едік. Ол жаппай кәсіпкерлікті дамытуға қолдау білдірген облыс басшылығына алғысын жеткізді.

– Қызымның қолынан келмейтіні жоқ. Көздің жауын алатын неше түрлі әдемі бұйымдарды жасайды. Тіпті, сурет те салады. Өзі болашақта дизайнер болсам деп армандайды. Құдай тілегін берсін. Біз оның жүріп кеткенін қалаймыз, – деді ағынан жарылып.

Жылтыраған майда моншақтар мен гипс, ермексаз, лента сынды заттар Қасиет қолданатын басты құралдарға айналған. Ол қызылды-жасылды құтыдағы гүл мен ақ қарға оранған ақ ұлпа ағаш, пластикалық құтыдан құрастырылған түрлі жан-жануарларды айнытпай жасайды. Иә, талапшыл қыздың арманы биік екені көрініп тұр.

Бүгінде аймақта кәсіпкерлікті қолдаудың айрықша жобалары жүзеге асуда. Жыл басында жаппай кәсіпкерлікті дамыту, тұрғындарды жұмыспен қамту мәселелерін шешу және жалпы ішкіөңірлік өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесін көбейту үшін облыс әкімдігі, мәслихат, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы, қоғамдық кеңес пен кәсіпкерлер палатасы биылғы жылды «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» деп жариялаған болатын. Жартыжылдықтың қорытындысымен игі бастама үш жылға ұзартылды. Жоғарыда атап өткендей, Сыр жұртшылығы бұл бастаманың жемісін қазірден бастап көруде. Жемісті қадам көп жылға салынған із боларына сенім мол.

Әзиз БАТЫРБЕКОВ,
«Сыр бойы».

«ХАРЕКЕТ» ҚОРЫ 26-ШЫ ОТБАСЫҒА БАСПАНА СЫЙЛАДЫ

«Харекет» қайырымдылық қоры мұқтаж жандарға баспаналы болуға жәрдемдесу мақсатында «1000 теңгеге баспана» атты акция өткізе бастады. Қоғамдық қор жұмыс істей бастаған 10 айда жиналған қаржыға еліміздің 26 тұрғыны баспаналы болды.

Жуырда аталған акцияның арқасында Шиелі ауданының тұрғыны Орынкүл Есжанова басыбайлы баспанаға қол жеткізді.

«Харекет» қорының мақсаты – халықтың демеуімен мұқтаж жандарға үй немесе жер телімін алып беру немесе баспана салуына көмектесу болып табылады.

Төңкеріс ауылының тұрғыны, жалғызбасты ана, мүмкіндігі шектеулі Орынкүлге қор шешімімен Гигант ауылдық округі Бидайкөл ауылынан жер үй сатып алып берілді. Үш баланың анасы қуаныштан көз жасына ерік берді.

– Маған отбасымның жеке пәтері болатыны туралы хабарлағанда, қуаныштан төбем көкке жеткендей болды. Біздің баспаналы болуымызға жәрдемдескен барлық азаматқа шын көңілімізбен алғыс айтамыз, – деді Орынкүл Есжанова.

Аристотельдің ғибратында ең биік игілік, қасиетті құндылық – ізгілік пен қайырымдылықты, адамгершіліктің өзегіне балайды. Өзгеге жақсылық жасай білу – адамдықтың белгісі. Демек, адам болу қайырымды болу арқылы келеді екен. Яғни, адам өзінің мәні, қасиеті – адамгершілігімен, қайырымдылығымен қадірлі әрі абзал болмақ, – дейді ұйымдастырушылар.

– Бұл акцияның мақсаты – қазақтың ежелгі дәстүрі жылу жинауды жаңғыртып, соның есебінен мұқтаж жандарға үй немесе жер телімін алып беру, үй салуына көмектесу. Ең бастысы осы бастамамызды үздіксіз садақаға айналдыру. Баспана алуға атсалысқан барша ағайынның берекесі артып, бағы жансын, – дейді қор жетекшісі Алғадай Әбілғазыұлы.

Акция басталғалы бері он ай ішінде қазақстандықтар қордың шотына салған қаржыға 26 отбасы баспаналы болды. Сатып алынған үйлер жетім-жесір немесе мүмкіндігі шектеулі азаматтарға, көпбалалы және жалғызбасты аналарға беріледі.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ,
«Сыр бойы».

AKTSIIA

Ауыз қуысында жиі кездесетін аурудың бірі – тіс жегі (кариес). Мұнда алдымен тістің эмалі үгітіледі де, содан кейін дентині ойылады. Сәбилердің сүт тістері, жалпы жас балалардың тістері жиі ойылады. Ал, мамандардың мәлімдеуінше, біздің елімізде ересектердің 80 проценті, тіс кариесіне ұшырайды екен.

«Сау тіс – ажарың» деп жатады көнекөздер. Әйтсе де, тісіміздің саулығын сақтауға келгенде көбіміз салғырттық танытып жататынымыз рас. Ең құрығанда жылына бір рет профилактикалық тексеруден өтіп, дәрумендер қабылдау да қаперімізге кірмейді. Сонан тек ауырып, ісіп, шарасыз жағдайда ғана дәрігер алдына барып жатамыз. Есесіне, тіс дәрігерлердің қолы жүріп, саудасы қызады. Сөйте тұра «тіс емдету тым қымбаттап кетті» деп шағым айтып, ренжиміз. Осындай түсініспеушіліктің жиі кездесуі салдарынан тіс дәрігерлері бүгінде тұрғындарға аурудың алдын алудың маңыздылығын айтып, тіс жегісін болдырмауға кірісті.

Бұған жақында жеке кәсіпкер, «Алма-Дент» клиникалар желісінің директоры, жоғары санатты стоматолог дәрігер, іскер әйелдер кеңесінің мүшесі Дүйсенкүл Тәжікова ұйымдастырған «Тіс жегісінсіз өмір сүруге болады» атты акцияда куә болдық.

Облыс көлемінде алғаш рет ұйымдастырылып отырған шараның мақсаты жоғарыда айтып өткеніміздей, тіс жегісінің алдын алу, стоматолог дәрігерлерді ақпараттық-насихаттық шараға жұмылдыру, тұрғындар арасында ауруды болдырмауға ықпал ету.

Шараға қызылордалық стоматолог дәрігерлермен қатар, облыстық денсаулық сақтау басқармасының мамандары, «Атамекен» іскер әйелдер кеңесінің мүшелері шақырылды. Сондай-ақ, Алматы «Рада» дәрігерлік орталығы стоматология бөлімінің меңгерушісі, «Алтын дәрігер» төсбелгісінің иегері, жоғары санатты стоматолог дәрігер Елена Волобуева, «Диарси Глобал» компаниясының өкілі Светлана Матагулина қатысып, аталған тақырып бойынша сала мамандарына семинар-тренинг өткізді.

– Қазіргі кезде ең жиі кездесетін ауыз қуысы ауруларының бірі – тіс жегісінің алдын алуға болатынын стоматолог дәрігерлерге де, тұрғындарға да түсіндіру, насихаттау өте маңызды. Бүгінде технологиялар дамып жатыр, сонымен бірге емдеу әдістері де, профилактикалық тәсілдер де жетілуде. Мүмкіндіктер мол. Қазір өздеріңіз білесіздер, стоматологиялық қызметтер бағасы күннен күнге көтеріліп жатыр. Осыған орай тұрғындар тарапынан реніштер туады. Негізі қызмет ақысы дәрігерлерге қатысты емес. Себебі, тұтынатын заттарымыздың барлығы шет елдерден әкелінеді. Отандық өнім атымен жоқ. Ал шетелдік өнімдер доллар бағамына, басқа да жағдайларға байланысты өзгеріп отырады. Сондықтан біз аурудың алдын алу қажет деген ойға тоқтадық. Екі күндік шара барысында дәрігерлерге профилактиканың тың тәсілдері мен тіс жегісін емдеудің жаңа әдістері оқытылды,– дейді Дүйсенкүл Тәжікова.

Шынында, ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын іздеген әлдеқайда арзанға түсері белгілі.

Тіс адамның ажары ғана емес, денсаулығының кепілі. Сондықтан отыз тістің қадірін сауында білгенге не жетсін. El.kz порталында тіске қатысты мынадай қызықты мәліметтер жарияланыпты. Сіз де біле отырыңыз.

ТІС ЖЕГІНІҢ АЛДЫН АЛУҒА АРНАЛДЫ

Ғасырда Еуропада тістің сарғыш болуы сәнге айналған. Көпшілік сол кезде тістерін арнайы сары түспен бояған екен. Естеріңізде болса, бір кездері бізде де алтын тіс сәнге айналып, қазіргі аға буынның көпшілігі маржандай аппақ сау тістерін бұзып алтынмен қаптатқан еді ғой.

Адам тістері екі-ақ рет өздігінен өседі. Біріншісінде, 20 сүт тіс пайда болса, кейіннен 32 тіс шығады. Айтпақшы, «сүт тіс» деп алғаш болып Гиппократ атап кеткен.

Мына қызықты қараңыз, әлемдегі ең қымбат тіс– Исаак Ньютонның тісі. 1816 жылы 3300 долларға сатып алынған бұл тіс иесінің жүзігінен орын тапқан.

14 мыңға жуық емделушінің зерттеп-бақылаған жапондық ғалымдар, күніне тістерін 3 рет тазалайтын адамдар үлкен салмақпен сирек кездесетінін дәлелдеді.

Алғаш тіс щеткалары Қытайда 500 жыл бұрын пайда болған. Олар доңыздың түгінен, борсық пен жылқының қылынан жасалған.

Қытайда 20 қыркүйек күні «Өз тістеріне махаббат» ұлттық мейрамы тойланады екен. Мүмкін тіс саулығына арнайы көңіл бөлетін, аурудың алдын алатын осындай бір күн бізге де керек шығар. Сіз қалай ойлайсыз?

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы».

Онлайн-кредиттеуді реттеу жөніндегі заңнамаға түзетулер туралы

2018 жылғы 16 шілдеден бастап ҚР Азаматтық кодексімен қарыз алушы жеке тұлғамен жасалатын, нысанасы туыстық белгілермен айқындалған ақша немесе зат болып табылатын қарыз шартының, егер мұндай шарт бойынша қарыз алушының міндеттемелерін орындауы қарыз есебіне ақша беру арқылы жүзеге асырылып, ал қарыз шартында көзделген сыйақы, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл), комиссиялар мен өзге де төлемдер мөлшері мен төлемі ақшалай нысанда жүзеге асырылатын кездегі ерекшеліктері белгіленді.

Шарт мынадай талаптарға жауап беруге тиіс:

- дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлға қарыз алушы болып табылады;
- қарыз Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында ғана беріледі;
- қарыз шартында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісіне сәйкес есептелген жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі міндетті түрде болуға тиіс;
- қарыз шарты бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі қарызды қайтару мерзімі өзгерген жағдайда да берілген қарыз сомасының 100%-нан аспауға тиіс;
- қарыз шарты бойынша қарыз сомасын қайтару және (немесе) сыйақыны төлеу жөніндегі міндеттемелерді бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,5%-нан аспайды, бірақ берілген қарыздың бір жылдағы сомасының 10%-нан артық емес;
- қарыз нысанасын есептемегенде, сыйақы, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл), комиссиялар және қарыз шартында көзделген өзге де төлемдер сомасын қоса алғанда, қарыз алушының қарыз шарты байынша барлық төлемдері жиынтығында қарыз шартының бүкіл қолданылу кезеңінде берілген қарыз сомасынан аспайды;
- қарыз шарты бойынша міндеттемелер мен төлемдерді кез келген валюта баламасына байланыстыра отырып индекстеуге жол берілмейді;
- қарыз шартының сыйақы, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл), комиссиялар және өзге де төлемдер мөлшері туралы талаптары оларды ұлғайту жағына қарай өзгертілмеуге тиіс.

Қарыз алушы жеке тұлғалармен жасалатын, белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін қарыз шарттары маңызсыз болатындығы белгіленген.

Бұл ретте осы баптың жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеуге және мөлшеріне қатысты нормалары ҚРҰБ Басқармасының жақын уақытта қабылданады деп жоспарланып отырған тиісті қаулысы қабылданып, күшіне енгеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Осылайша, 2018 жылғы 16 шілдеден кейін жасалған қарыз шартының талаптары көрсетілген талаптардың кез келгеніне сәйкес келмеген жағдайда, шарт тараптары сот арқылы мұндай шартты жарамсыз деп тануға құқылы.

Бұл ретте шартты жарамсыз деп тану борышкерді мәміле бойынша алынған ақшаны кредиторға қайтару міндеттерінен босатпайтынын атап өткен жөн.

Сонымен қоса Ұлттық Банк Азаматтық кодекстің осы бабы шеңберінде, оның ішінде интернет арқылы (онлайн кредиттеу) қарыз беретін компаниялардың қызметін реттемейтінін хабарлаймыз.

Ұлттық Банктің сайтында жақын арада калькулятор орналастырылады, ол қарыз шарты бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін өз бетінше есептеуге мүмкіндік береді.

Консультация алу үшін азаматтар Ұлттық Банктің Алматы қ., Әйтеке би к-сі, 67 мекенжайындағы қоғамдық қабылдау бөлмесіне күн сайын сағат 10:00-ден 17:00-ге дейін (13:00-14:30 аралығында үзіліс) өтініш жасай алады.

Алдын ала жазылудың қажеті жоқ.

Анықтамалар үшін телефон (727) 2 619-213.

Егер Сізде қосымша сұрақтар туындаса, Қазақстан Ұлттық Банкіне «ҚҰБ Online» мобильдік қосымшасы арқылы өтініш жасауыңызды сұраймыз.

Google Play Market-тен жүктеу үшін сілтеме: https://play.google.com/store/apps/details...; AppStore-дан жүктеу үшін сілтеме: https://itunes.apple.com/kz/app/nbkonline/id1134502211...

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады: +7 (727) 704 585 e-mail: press@nationalbank.kz www.nationalbank.kz

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазалы ауданының Әйтеке би кентінде 2018 жылдың 1 қазанында қалааралық «Қазалы Керуен» автовокзалы ашылады.

Автовокзал ғимаратының ішінде – сауда орындары, аумағында – сауда павильондары, техникалық жөндеу станциялары жалға (оның ішінде сатып алу құқығымен) беріледі. Қала-аудандық көлік-такси, микроавтобус көліктеріне автотұрақ бойынша сұраныс бірінші кезекте ескеріледі.

Байланыс телефондары: 8(7242) 26 -37-87; 8 775 392 12 56; 8 700 111 67 59; 8 702 224 31 33; E-mail: kazaly-keruen@mail.ru

(10-9)

Кезекші редактор **Айдана ЖҰМАДИНОВА.**

Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. "АҚ" - ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 28724
Тапсырыс №1352

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz